

# SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығады



Сурет Н.Арыловаңкі

## Браконьерлер қолынан қаза болған Улдис Кнакисаны еске алу (1939 – 1970)

...Қыркүйек айының таңертегінде Улдис Кнакис шофер П.Волоховпен бірге ақбөкенді санау жұмысына аттанды. Топографиялық мұнараның үстіне шығып, бақылау жүргізген Кнакис далада жүрген машинаны көрді. Құғыншыларды сезе бастаған браконьерлар қаша бастады. Браконьерлер көлігін фарамен жарықтандырғанда Кнакис ақбөкендер аяқтарын байқап қалды. Құтыла алмайтындарын білген браконьерлер мылтықтарын инспекторларға бағыттады... Кнакис өжет жолдасының иығына жантая кетті. Өлімші болып жараланған.



Улдис Кнакис.

2010 ж. 26 қыркүйекте Улдис Кнакистің қайғылы өлімге ұшырағанына 40 жыл болды. Иркутск ауыл шаруашылық институтын бітірген соң ол Қалмақия даласында охотовед болып жұмыс істеді. Мұнда тұңғыш рет ақбөкенді қорғайтын арнаулы отряд ұйымдастырды. Сол 60-шы – 70-шы жылдары браконьерлер жануарларды жүздеп, мыңдап қырды. Машиналармен қуып жүріп, ақбөкендерді атқылаумен болды.

Жалғасы 2-ші бетте

Шығуына қаржылай көмектескендер:

# МАЗМҰНЫ

## Негізгі мақала

Арылов Ю. Браконьерлер қолынан қаза болған Улдиса Кнакисаны еске алу (1939 – 1970)..... **1**

## Жаңалықтар

Милнер-Гулланд Э.Дж.  
Қоныс аударатын түрлер Конвенциясына сәйкес ақбөкенді сақтау жөніндегі өзара түсіністік Меморандумына қол қойған елдердің 2-ші мәжілісінің табысы..... **3**

Дженкинс Р.  
Қытай ақбөкенді сақтау және тұрақты пайдалану процесіне қосылды..... **4**

Дэнсер Э.  
Табиғатты қорғау қоғамының (WCN) жылдық көрмесі..... **5**

**Пресалардан:**  
Үстірттің ландшафттарын сақтау жөніндегі мемлекетаралық жобаны талқылау.  
Қазақстан Үкіметінің ақбөкенді қорғау жөніндегі шаралары.  
Браконьерлерді ұстаудағы жаңа құбылыс.  
Қытай мен Қалмақиядан жаңалықтар. **6**

## Мақалалар

Салемгареев А.Р., Шаймуханбетов О.К., Цутер Ш., Складенко С.Л.  
2009 – 2010 жылдары ақбөкендердің бетпақдала популяциясын жердің жасанды серігі арқылы бақылаудың нәтижелері..... **11**

Браун М., Сингх Н.  
Ақбөкенге трофейлік (әуестік) аңшылық жасауды пайдалану мүмкіндігін зерттеу - қауымдық басқарудың тәсілі ретінде қарастыру..... **12**

Проняев А.В.  
Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен популяциясының жағдайын бағалау..... **14**

Быкова Е.А., Есипов А.В.  
2009-2010 жылдардағы Өзбекстандағы ақбөкеннің үстірт популяциясына коллективтік мониторинг жүргізудің нәтижелері . . . . . **16**

Сапанов М.К.  
Еділ – Жайық өзендері аралығында ақбөкендердің қырылу жұмбақтары..... **17**

Санжматав Д.  
Программа "Биосан" табиғат қорғау әрекеттерін жоспарлау үшін..... **18**

Фенглиан Ли  
Гуанчжоуда ақбөкенді сақтау проблемасы бойынша сұрау..... **19**

**Ақбөкен – олардың өмірлік ісі**  
Профессор Аманқұл Бекенов – Ақбөкенді сақтау Альянсының бірінші құрметті мүшесі..... **20**

**Проектілерге шолу**..... **21**

**Жаңа басылымдар**..... **24**

соңы (басы 1-ші бетте.)

Браконьерліктің мұндай түрімен әдетте күресу өте қиын – инспекцияны көре сала браконьерлер барлық кезде жасырынып үлгіреді. Дала аймағында жүздеген шақырымға созылған суландыру каналдарында да ақбөкендер жаппай қырылды. Құрылысшылар арнаулы өтетін өткелдер салуды ойлағанда жоқ; бетонды торға түскен жануарлар олардан шыға алмады.

Жергілік басылымдар беттерінде Кнакис ақбөкендерді қорғауға жедел шаралар ұйымдастыруға шақырды, браконьерлерді жазалау керектігін айтты және өзінің дегеніне жетті. Жақсы жабдықталған арнаулы инспекция отряды құрылды. Суландыру каналдар үстінен ақбөкендер өтетін өткелдер салынды. Алда Улдис Кнакиса үлкен жоспарлар болды, бірақ оның өмірі 31 жаста браконьерлер қолынан қиылды. Бұл өлім себебі ашылмай қалды.



Сурет Ю.Арыловтан

### Улдис Кнакисінің ескерткішін реконструкциялау.

Оның қайғылы қазаға ұшырағын жерінде Юстин ауданында оған ескерткіш орнатылды. Иркутск ауал шаруашылығы институтында У.Кнакис атындағы жастардың жауынгер дружинасы ұйымдастырылды. Биылғы жылы ақбөкенді сақтау Альянсы ескерткішті қалпына келтіру және ескерткіштік мрамор плитасын орнату туралы қалмақ коллегиялардың инициативасын қолдады.

Қосымша мәліметтерді Ю.Н.Арыловтан алуға болады, [kalmsaiga@mail.ru](mailto:kalmsaiga@mail.ru).



# Жаңалықтар

## Қоныс аударатын түрлер Конвенциясына сәйкес ақбөкенді сақтау жөніндегі өзаратүсіністік Меморандумына қол қойған елдердің 2-шы мәжілісінің табысы

Э.Дж. Милнер-Гулланд

Лондон Империял Колледжі, АСС, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)

Қоныс аударатын түрлер Конвенциясы (КМВ) шеңберінде ақбөкенді сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану Меморандумы 2006 жылдың қыркүйек айында өз күшіне енді. Бірінші мәжілісте ақбөкен санының төмендеуін тоқтатуға бағытталған бес жылға арналған ортамерзімді халықаралық жұмыс программасын қабылдауға қол жеткен еді. 2010 жылдың қыркүйек айының 7-10-ында Меморандумға қол қойған елдердің өкілдері мен ақбөкен жөніндегі эксперттер (сарапшылар) Улан-Баторда (Моңғолия) тағы кездесті. Ондағы мақсат – атқарылған жұмыстардың нәтижелеріне баға беру және келесі бес жылға арналған ортамерзімді халықаралық жұмыс программасын талқылап, қабылдау, сонымен бірге бірқатар басқада мәселелерді қарау болды.

Кездесу жалпы мақсатты терең түсіну, сондай-ақ мәселелерді талқылау мен келісімге келу ашық жағдайда өтті. Талқыланған мәселелер жөнінде пікірлерін ашық айту - ақбөкенді сақтау ісінде өзінің пайдалы нәтижелерін беретіні сөзсіз; ортақ нәтижеге жету қызметінде үлкен роль атқарады. Қоныс аударатын түрлер Конвенциясы (КМВ) шеңберінде әрбір бірнеше жылда мамандардың кездесіп, бетпе-бет туындаған мәселелерді талқылап, өзара келісімге келуге мүмкіндік туады. Бұл жануарларды тиімді қорғауға жол ашады.

Алғашқы екі күнде техникалық семинар өтті. Онда қатысушылар КМВ секретариатының тапсырысы бойынша ақбөкенді сақтау Альянсының Халықаралық табиғат қорғау одағының антилопалар жөніндегі комиссияның (КВВ/МСОП) мамандарымен бірлесіп дайындаған документтерді (құжаттарды) талқылады. Құжаттарда ақбөкеннің статусы жөніндегі есеп, ортамерзімді халықаралық жұмыс программасының орындалуы жөніндегі есеп, сондай-ақ 2011-2015 жылдарға арналған ортамерзімді халықаралық жұмыс программасының жобасы болды. Кездесуге қатысушылар кейбір бағалы ұсыныстар айтты. Олар аталған құжаттарға өзгерістер енгізуге мүмкіндік берді, бұл Меморандумға қол қойған елдер өкілдерінің 9-10 қыркүйекте арнаулы кездесулерінде жетілдірілген документтерді қабылдауға жол ашты. Техникалық семинарда ортамерзімді халықаралық жұмыс



Меморандумда (КМВ МоВ) кездесуді ашу.



Меморандумға Моңғолияның, АСС пен АСБК-ның қол қою кезі.

программасының әрбір пункттерінің орындалу барысындағы табыстарды сарапшылар баяндады.

Мониторинг жөнінде дәлелді мәліметтерді алу барысында бірқатар проблемалардың барлығына қарамастан, 1990–2000 жылдарда ақбөкеннің бес популяцияның төртеуінде байқалған олар санының күрт азаюы едәуір тоқталғанын соңғы бес жылда жиналған деректі материалдар дәлелдеді, кейбір жағдайда популяциясының қалпына келе бастағаны байқалады. Үстірт популяциясы антропогендік прессаға жиі ұшырауда, егерде тез арада жедел шара қолданбасақ, бұл популяция жойылып кету қаупінде тұр. Ресей территориясында тіршілік ететін ақбөкендер популяциясының қазірде жағдайы онша емес, ал орал популяциясы жаппай өлім-жітімге ұшырауға байланысты үлкен шығынға ұшырады. Дегенменде, орташамерзімді халықаралық жұмыс программасының (СМРП) көптеген пункттерінде едәуір прогресс бар; жергілікті тұрғындарды ақбөкенді сақтауға шақыру, сауда, мониторинг және территориялық қорғау салаларын қамтиды. Кейбір популяция жөнінде жедел шара қолдану керектігі туралы дабыл қағылғанына қарамастан, документтер мен баяндамаларда Меморандумға қатысушылардың бірінші кездесуінен кейінгі жылдары ақбөкенді сақтау процесінде едәуір алға жылжушылық бар екендігі аталып көрсетілді; оған бұл жұмысқа қатысушылар мақтануға болады.

Кездесу сондай-ақ ақбөкенді сақтауға және басқа да бағыттарға күш берді. Әсіресе, ақбөкеннің таралу ареалындағы елдерге Моңғолияның қосылуы дер кезінде өте маңызды болды. Бұл шара өзаратүсіністік Меморандумының аймағының кеңейгенін көрсетеді. Енді ол тек татағиса тұртармағын ғана қамтып қоймай, Saiga туысын тегіс қамтиды. Екі жаңа қатысушылар – ақбөкенді сақтау Альянсы (ААС) мен Қазақстанның биологиялық әртүрлілікті сақтау ассоциациясы (АСБК) бірлесіп жұмыс істейтін ұйымдар ретінде Меморандумға қол қойды. Бұл екі ұйымда көп жылдан бері түрді сақтау жолында көптеген жұмыс атқаруда. КМВ секретариатының сұрауы бойынша олар Меморандум жұмыстарының Бірлесіп жұмыс істеу механизмын анықтады.

КМВ-тегі кездесудан кейін ақбөкенді сақтау Альянсы өзінің жылсайынғы мәжілісін өткізді. Онда Ольга Климанова, директор АСБК, АСС басқармасының мүшесі ретінде шақырылды, ал профессор Аманкүл Бекенов Альянстың құрметті мүшесі болып сайланды.

Қоныс аударатын түрлер Конвенциясының мәжілісін WWF-Моңғолия өткізді. Бұл ұйым тек кездесуді ұйымдастыру мәселелерінде ғана емес, сонымен қатар басқа да тамаша жұмыстарды іске асырды; делегаттарды жылы шыраймен қарсы алды. Орман шаруашылық министрі Моңғолияның кең байтақ даласында таза ауада қонақтарға түскі тамақ берді. Онда әсем әндер мен билер орындалды. Бұл конференцияда күнімен әрі түнімен

тыным таппай жұмыс істеген қонақтарға тамаша демалыс болды!

Мәжіліске қатысушылардың үлкен күш салған ақбөкенді сақтау жолындағы еңбектері жергілікті жерлерде едәуір табысқа жеткендігі қуантады. Ақбөкенді сақтау проблемасы жаңа эрада бірлесіп жұмыс істеуге шақырады; өйткені бұл түрдің экологиялық және социальдық аспектісі кең екендігін байқатады. Бұл кездесу бізді алда тұрған проблемаларды бірлесіп шешуге жақындатты.

*Редактордың ескертуі: кездесудің барлық документтері мына сайтта:*

[http://www.cms.int/species/saiga/2ndMtg\\_Mongolia/2nd\\_saiga\\_range\\_states\\_meeting.html](http://www.cms.int/species/saiga/2ndMtg_Mongolia/2nd_saiga_range_states_meeting.html)

## Қытай ақбөкенді сақтау мен тұрақты пайдалану процесіне қосылады

*Роберт Дженкинс*

Түрлерді басқарудың маманы, [hank.jenkins@consol.net.au](mailto:hank.jenkins@consol.net.au)

Ақбөкенді сақтау және тұрақты пайдалану жөніндегі халақаралық семинарда Қытай бұл түрді сақтауға бағытталған халақаралық қауымдастықтың ролін күшейтуге өзінің үлесін қосуға ниетті екенін көрсетті.

2010 ж. 27-29 қыркүйекте Урумчиде (Синьцзян-Ұйғыр автономиялық округі) өткен семинарды Қытайдың СИТЕС административтік органы қоныс аударатын түрлер Конвенциясы Секретариаты мен жойылып кету қаупі бар фауна және флора түрлерімен халақаралық сауда жасау Конвенциясымен бірлесіп әрі Синьцзян-Ұйғыр автономиялық округінің орман шаруашылығы басқармасының қолдауымен өткізді.

Ақбөкен таралған елдерден Қазақстан, Моңғолия, Ресей Федерациясы және Өзбекстан делегаттары келді. Урумчидегі семинар ақбөкенді сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану жөніндегі Меморандумға қол қойған елдердің екінші кездесуінің жалғасы болды. Онда ақбөкен туралы жаңа Ортамерзімді халақаралық жұмыс программасы (2011-2015 жылдарға арналған) қабылданған болатын (*қара жоғарыда*).

Семинар келген делегаттар өкілдері мен екі халақаралық конвенция өкілдерінің құттықтауымен басталды; одан кейін ақбөкенді сақтаудың әртүрлі аспектілерін қамтитын баяндамалар жасалды. Одан кейін ақбөкен таралған елдер өкілдерінің баяндамалары басталды. Онда әр елде түрді қорғаудың қазіргі жайы, қолданып жатқан қорғау шаралары, сондай-ақ осы жолда кездескен проблемалар сөз болды. 2007-2011 жылдарға арналған Ортамерзімді халақаралық жұмыс программасын орындау мақсатында Меморандумға қол



Сурет Ж.Янгезинікі

Семинардың пленарлық мәжілісі.

қойған бес елде (Қазақстан, Моңғолия, Ресей Федерациясы, Түркмения және Өзбекстан) ақбөкенді қорғауды жақсарту және оны қалпына келтіруде бірқатар шаралар жүзеге асқаны аталып өтілді (мысалы, оны зерттеу және мониторинг, браконьерлермен күресуді күшейту, жергілікті халық арасында үгіт-насихат жүргізу).

Қытайдың СИТЕС административты органы құқықтық шараларды күшейту және ақбөкен мүйізін заңсыз тасымалды тоқтату туралы шараларды дайындады. Елде заңды тіркелген, кодпен жабдықтанған және контейнерлерде сүргі соғылған заңды ақбөкен мүйіздеріне санақ жүргізілді; оларды оперативті бақылауға мүмкіндік ашылды. Ақбөкен мүйізінің компоненттері бар дәстүрлі қытай медицинасының дәрілер шығаратын компаниялар орауыш материалды кодпен бірге таңбалау қажет. Үкіметтің белгілеген квотасына сәйкес халық кодсы бар таңбаланған ғана дәрілерді алуға тиіс.

Ақбөкен мүйіздері бірқатар дәстүрлі фармацевтикалық продуктылардың да басты компоненті болып табылады. Сондықтан, семинарда дәстүрлі медициналық өнімдер шығаратын кәсіпорындардың өкілдерінің қатысуы да орынды. Ақбөкен мүйіздері қандай ауруларға қолданатынын айтып, компания қызметкерлері бүгінде құрамында ақбөкен мүйізі бар дәрілік продуктылар тізімін қайта қарауды және оларды ауыстыратын продуктылардың да тиімділігін зерттеуде. Қытай жағы ақбөкенді табиғат жағдайында сақтауға және оны



Сурет Ж.Янгезинікі

Урумчиде семинар сессиясының ашылуы.



тұрақты пайдалануға көмектесуге дайын екендігін білдірді.

Семинардың екінші күнінде төмендегі мәселелерді жан-жақты талдау үшін екі жұмыс топтары құрылды: 1) жабайы жануарлардың ресурстарын қорғау мен басқаруға қойылатын талаптар және 2) тұрақты пайдалану және сауданы реттеу. Бірқатар пайдалы талқылаудан кейін екі жұмыс топтары өздерінің есептерін семинардың пленарлық мәжілісіне ұсынды.

Семинардың жұмысы жақындағы жабайы жануарлардың Тянь-Шань паркіне барумен аяқталды. Экспозициялармен танысқан соң делегаттарды Синьцзян-Ұйғыр автономиялық округінің губернаторының орынбасары господин Ян Ган қабылдап, банкет ұйымдастырды. Урумчидегі семинар

маңызды форумды өткізудің орны болды; онда 2011-2015 жылдарға арналған Ортамердімді жұмыс программасында көрсетілген бірқатар пункттер дәлмә-дәл анықталды. Тағыда айта кетейік, семинарда тұңғыш рет аң ареалындағы барлық елдің өкілдері мен дәстүрлі қытай медицинасының өнімдерін шығаратын кәсіпкерлердің өкілдерінің қатысуы болды. Бұл шара қатысушылардың бір-бірімен байланысын күшейтіп, келешекте бірлісіп зерттеу жұмыстарын жүргізуге жол ашады.

*Семинар жұмысының нәтижелері туралы есеп және оның ұсыныстары орыс және ағылшын тілдерінде CMS сайтында берілген:*

[http://www.cms.int/news/PRESS/nwPR2010/10\\_oct/nw\\_Saiga\\_151010.htm](http://www.cms.int/news/PRESS/nwPR2010/10_oct/nw_Saiga_151010.htm).

## Табиғатты қорғау жөніндегі WCN-ның жылсайынға көрмесі

Энтони Дэнсер

[anthony.dancer09@imperial.ac.uk](mailto:anthony.dancer09@imperial.ac.uk)

2010 жылдың 28 қыркүйектен 3-ші қазанға дейін Бэй Эреда, Сан-Францискода, Калифорнияда, АҚШ жабайы табиғатты сақтау Сеттерінің (бөлімдері) (WCN) ұйымдастырған тоғызыншы жылсайынғы көрмесі өтті. Төрт жылдан аса уақыт ішінде ақбөкенді сақтау Альянсы WCN-нің партнеры (серігі) болып табылады. Бұл Альянсқа қаржы жинауға, профессиональды тәжірибе жинауға, группада жұмыс атқаруға жағдай туғызады және жұмыс нәтижесін халықаралық дәрежеде көрсетуге көмектеседі. Ең басты оқиға - АСС-тың жылсайынғы әртүрлі жоспарлары бар көрмеге қатысуы болып табылады; бұл Альянсқа келесі жылдың жұмысы үшін қаржы жинауға көмектеседі.

Жетілік көрме үш стадияға бөлінеді: табиғатты қорғайтын партнер-ұйымдар үшін семинар серияларын өткізу, донорлар үшін екі қабылдау және көрменің өзі-жұртшылықтың көруі үшін. Семинарлардың



Сурет М.Вароанікі

Халық WCN көрмесінде.

тақырыптары әртүрлі болды-маркетинг пен табиғатты қорғауға қаржы жинау әдістерінен қаржыны пайдалану әдістеріне дейін. Бұл шағын табиғатты қорғау топтарының әдетте қолданылмайтын әдістермен танысуға мүмкіндік берді; ол жиналған қаржыны дұрыс игеруге көмектеседі, ақырында, экологтардың өздерінің жұмыстарын тек түрлерді қорғау проблемасына бағыттауына мүмкіндік береді.

Донорлардың қатысуымен болған екі қабылдауда сондай табысты өтті; Бэй Эреда бай және атакты адамдарды және табиғат қорғау ұйымдары өкілдерін жинады. Сирек түрлердің таралған елдердің адамдарымен бетпе-бет танысу-олармен байланыс орнатуға көмектесті әрі қаржылай көмекті, әсіресе, ерекше қажет ететін елдерге бөлуге мүмкіндік береді. Бұл шаралар арқылы халықаралық қауымдастықтардың жойылып кету қаупі бар түрлер сақтауға қызығушылығын тудырып, оларды сақтау қалыпқа сенімді арттырады.

Көрме күні жұртшылықты жойылып кету қаупі бар түрлердің күйімен таныстырып, кейбір мұндай түрлерді олардың білмеуі мүмкін. Демалыс күндері мыңнан астам қонақтар көрме жұмысымен танысты.

Презентация экологтар (АСС-тен Елена Быкованың презентациясын қоса) мына вебсайтта: [http://wildlifeconservationnetwork.org/events/expo\\_videos.html](http://wildlifeconservationnetwork.org/events/expo_videos.html).



Сурет М.Вароанікі

Сан-Францискодағы Елена Быкованың презентациясы

Биылғы жылы көрме жұмысына актер, эколог және Біріккен Ұлттар ұйымының жабайы табиғатты сақтау ізгі ниеттегі елшісі Эдвард Нортон қатысты. Г-н Нортонның барлық шараларға қатысуы түрлерді қорғау мақсатына үлкен үлес қосады және WCN-сеттерінің жұмысына көмектеседі.

Биылғы жылда ақбөкенді сақтау үшін көрме табысты болды және АСС жалпы жұртшылық пен донорлар тарапынан, сондай-ақ көптеген ескі достар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Біз қаржы жағынан бізге көмектескен барлық адамдарға ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ біз WCN мамандары мен волонтерлеріне бұл бағалы түрді сақтауға көмектескені үшін шексіз алғысымызды айтамыз.



Сурет М.Варонанис

Лос Альтосе Эдварда Нортон Чарли Ноулза үйінде болған қабылдауда сөз сөйлеуде.

## Прессалардан

### Өзбекстан мен Қазақстан ақбөкенді қорғау саласында бірлесіп жұмыс істеуге келісті

2010 ж. тамыз айының 20-да Өзбекстанның Президенті Ислам Каримов ақбөкенді қорғау, өсіру және тұрақты дамыту туралы Қазақстан Республикасы арасындағы үкіметаралық келісімде бекітті. Келісімге 17 наурызда 2010 ж. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Өзбекстанға келгенде қол қойылған болатын. Келісім бойынша, қол қойған жақтар өз мемлекеттерінің территориясында ұлттық заңдылықтар нормасы негізінде ақбөкенді қорғау, өсіру және тұрақты дамыту шараларын жүзеге асырады. Келіскен жақтар ақбөкен популяциясының қазіргі жайына мониторинг ұйымдастыру туралы келіскен шешімдер қабылдайды. Осының негізінде табиғат қорғау шараларын жоспарлайды.

Толығырақ:

<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1283503140>,

<http://www.regnum.ru/news/fd->

[abroad/ecology/1321545.html#ixzz0yP6lF8r](http://abroad/ecology/1321545.html#ixzz0yP6lF8r)

және

басқалар

### Үстірттің ландшафттарын сақтау жөніндегі шекаралық проектіні талқылау өтті

2010 ж. 9-12 тамызында Ташкентте (Өзбекстан) Өзбекстан Республикасының табиғат қорғау Мемлекеттік комитеті ұйымдастырған «Үстірт ландшафттарын сақтау Инициативасын» жоспарлау және бағалау жөнінде мәжіліс өтті, сонымен бірге табиғат қорғау шараларының тиімділігі туралы мониторинг және оны бағалау туралы семинар болды. Мәжілістің негізгі мақсаты – Үстірттегі биоәртүрлілікті сақтау инициативасымен таныстыру және барлық



Сурет А.Есамоғи

Пол Коулес, Pact істеп жатқан әрекеттердің тиімділігін бағалау және мониторинг семинарында. Ташкент.

мүдделі жақтардың қосатын үлесін анықтау. Сонымен бірге, қатысушылар Үстірттің биоәртүрлілігіне әсер ететін факторларды анықтау мәселесіне көңіл бөлді. Мәжіліске Өзбекстан Республикасы табиғат қорғау мемлекеттік комитетінің, Өзбекстан Республикасы заң шығарушы парламенттің, халықаралық ұйымдардың өкілдері және ғалымдар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және журналистер қатысты.

Жобаның партнерлері - Өзбекстанның табиғат қорғау мемлекеттік комитеті, Өзбекстанның ҒА-ның зоология институты, Өзбекстанның құстарды қорғау қоғамы, халықаралық НПО фауна және флора Интернэшл (FFI) және Pact Inc. Талдау іскерлік және конструктивті жағдайда өтті..

Толығырақ:

[http://www.econews.uz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=703:2010-08-10-09-07-31&catid=1:biodiversity&Itemid=8](http://www.econews.uz/index.php?option=com_content&view=article&id=703:2010-08-10-09-07-31&catid=1:biodiversity&Itemid=8)



## Заңсыз ақбөкендерді аулауды тоқтату – Қазақстан үшін үлкен абырой

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық министрі бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтері бойынша, ақбөкендерді заңсыз қырғаны үшін қылтыстық істерді қатандатуды талап етуде. Бұл туралы ҚР-сы АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылық комитетінің төрағасы Ерлан Нысанбаев 2010 ж. 22 қарашасында өткен түрді қорғау проблемасына мемлекеттік органдардың жалпы іс-қимыл әрекеттерін жасауға арналған ведомстаралық мәжілесте хабарлаған болатын. Қазірде браконьерлер тек шартты түрдегі жазалаумен шектеледі; тіпті үлгі боларлықтай штраф салу немесе мүліктерін конфискілеу сияқты шаралар қолдануға болады ғой. Ауыл шаруашылық министрлігінде материалдық шығынды өтеуге міндетті деп санайды және амал табатын құқықтық лазеркаларды жабуды ұсынады. Мұндай позицияны ішкі істер министрлігі мен Генпрокуратурада қолдайды. Қылмыстық Кодекске өзгеріс енгізу парламентке түсті.

Сондай-ақ ҚР-сы ауыл шаруашылық министрлігі ақбөкендер мүйізін сатып алу туралы хабарландыруды жариялауға тиым салу керектігін де ұсынды. Бірнеше елді пункттерде мүйіздерді қабылдайтын пункттер бар екендігі белгілі болды. Региондарда бір килограмм товардың бағасы 35-50 мың. тенге (230-340 АҚШ доллары), Алматыда - 200 мың. тенге (1300 АҚШ доллары). Қытайда бір килограмм мүйіздің құны – 4 мың долларға дейін өседі. ҚР-сы АШМ-гі Ішкі істер министріне ақбөкендерді заңсыз аулауға арналған қылмыстық істерге үлкен көңіл болу керектігін сөз етті. ҚР-сы АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылық комитеті өндірістік кәсіпорын "Охотзоопром" бірлесіп, потенциалды браконьерлер тізімін жасап, оны Генпрокуратура мен МВД-нің облыстық структураларына таратты. Жануарларды қорғау үшін жылжымалы кордондарда жұмыс ісейтін болады.

*Толығырақ;*  
<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1290498300>,  
<http://www.kazpravda.kz/c/1283464537> және  
[http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/91049](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/91049).

## Қазақстанда ақбөкенді атқандар бас бостандығынан айырылуы мүмкін

ҚР-сы АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылығының ұсынысы бойынша, Қазақстанда ақбөкендерді атуға, олардың өнімдерін жинауға, дайындауға, олардың мүйіздерін сатып алуға немесе өткізуге тыйым салу 2020 жылға дейін созылған. Сонымен бірге, 2010 ж. 23 қарашасында ҚР-сы парламентінде «Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын аумақтар мәселелері жөніндегі заңдылық актілеріне бірқатар өзгерістер мен қосымшалар енгізу» заң проектісін талқылағанда ҚР-сы АШМ-нің вице-министрі Марат Оразаев ақбөкенді атқандар үшін үш жыл мерзімге бас бостандығынан айырылады деп мәлімдеді. Ал қазірде мұндай жазалау ҚР-сы қызыл кітабына енген жануарларды атқан браконьерлерге ғана қолданылады. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес мұндай жазалар жануарлар мен өсімдіктердің бірқатар түрлерін жойғаны үшін де, оның ішінде ақбөкенде бар, қолдану қарастырылған.

*Толығырақ:*  
<http://www.kt.kz/?lang=rus&uin=1133168926&chapter=1153528209>.



Сурет КЛОХ-мік

Пол Хотэм, FFI және Бақытбек Дүйсекеев, КЛОХ бірлесіп жұмыс істеу Меморандумына қол қойды.

2010 ж. 18-21 қазанында Астанада (Қазақстан) Қазақстан Республикасының орман және аңшылық шаруашылық комитеті (КЛОХ) ұйымдастырған осындай шаралар өтті. Оның жұмысына КЛОХ-тың қызметкерлері, Ақтөбе және Маңғыстау областарының орман және аңшылық шаруашылығының территориялық инспекциялары өкілдері, өндірістік кәсіпорын «Охотзоопром» қызметкерлері және Фауна мен Флора Интернэшнл және Pact Inc. өкілдері, сондай-ақ, биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы қатысты. Жұмыс барысында Орман және аңшылық шаруашылығы (КЛОХ) мен FFI арасында Үстірт ландшафттарын сақтау сферасында, әсіресе ақбөкенді қорғау саласында халықаралық дәрежеде институциональдық бірлесіп, өзара түсіністік жағдайында жұмыс істеу Меморандумына қол қойылды.

*Толығырақ мына сайтта:*

<http://www.oopt.kz/news/detail.php?ID=2436>

«Үстірт ландшафттарын сақтау Инициативасы» проектісі американдық ұйым АҚШ-тың халықаралық даму Агенттігі (USAID) мен негізгі экосистемаларды тұрақты дамыту программасы (SCAPES) және Ұлыбритания Үкіметінің Дарвин Инициативасы фондысының (UK/DEFRA Darwin Initiative) қолдауымен жүзеге асуда.

## Қазақстан Үкіметі табиғи экосистемаларды сақтау және қалпына келтіру программасын қабылдады

Қазақстан Республикасы Үкіметі 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық программасын мақылдады. Оған 163,5 миллиард тенге мөлшерінде қаржы бөлінді. Программа бойынша жұмыс бірнеше бағаттарда жүргізіледі: жасыл экономиканы дамыту, қоршаған орта компоненттеріне және денсаулыққа антропогендік факторлар әсерлерін төмендету, табиғи экосистемаларды сақтау мен қалпына келтіру, қоршаған ортаны сапалы басқару системасын дамыту және жетілдіру. Программаны орындау нәтижесінде, мысалы, ақбөкендердің саны 2014 жылға қарай 10 процент өседі деп болжалуда.

*Толығырақ:* <http://static.zakon.kz/kazakhstan/183661-zhasyl-damu-programma-sokhraneniya-i.html>.

## Батыс Қазақстан облысында ақбөкенді сақтау резерваты ұйымдастырылады

Бұқаралық ақпараттардың хабарлауынша, «2010 ж. мамыр айында пастереллездан зардап шеккен» (қара Saiga News, 11) ақбөкеннің орал популяциясы таралған Приуральде Бөкейорда – Жайық резерваты 2013 жылға дейін ұйымдастырылады.

Толығырақ:

[http://www.express-k.kz/show\\_article.php?art\\_id=46894](http://www.express-k.kz/show_article.php?art_id=46894).

## Қалмақияда ақбөкендер санының азаюы жалғасуда

Федеральдық мемлекеттік мекеме "Центрохотконтроль" мен Қалмақия республикасы табиғат қорғау министрлігінің эксперттерінің бағалауы бойынша, соңғы онжылда ақбөкен саны он есе азайды; саны 10 мыңдай шамасында, санының қысқаруы одан әрі жалғасуда. 2010 ж. 22 желтоқсанында өткен жұмыс бабындағы кездесуде Ресей Федерациясының табиғи ресурстар және экология министрі Юрий Трутнев Қалмақия басшысы Алексей Орловпен бірге былай деп мәлімдеді: Ресейдің Минприродасы регионалды министрліктің "Черные земли" қорығы территориясындағы қорғау шараларын жақсартуын және ақбөкенді сақтау үшін комплекті шараларды қарастыратындығын айтты. Толығырақ: <http://eco.rian.ru/danger/20101222/312103262.html>.

## Shell Қалмақияда ақбөкенді сақтау программасын қолдайды

2010 ж. 26 тамызда Ресейдегі ірі шетелдік инвестор концерн Шелл (Royal Dutch Shell plc) және Қалмақия Республикасының Үкіметі Қалмақия Республикасы территориясында ақбөкен популяциясын сақтау мен қалпына келтіру шараларын қолдайтыны туралы келісімге қол қойды. Шелл 3 млн. рубльді (шамамен 100 тыс. доллар АҚШ) бұл түрді сақтау программасын қаржыландыруға жұмсайды. Программа ақбөкенге мемлесеттік санақ жүргізу, қоныс аудару жолдарын анықтау, қоныстарын қорғау, браконьерлермен күрес



ҚР-сы Үкіметінің Председателі Олег Кичиков (сол жақта) және Ресейдегі «Шелл» концернның председателі Чарльз Уотсон (оң жақта) ақбөкенді сақтау келісіміне қол қояды.

жүргізу және жергілікті тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мәселелерін қамтиды.

Оның орындалуына Қалмақия Республикасының табиғи ресурстар, қоршаған ортаны қорғау және энергетиканы дамыту министрлігі жауап береді. Келісімге сәйкес Минприродада құрамында 4 адам бар ақбөкенді қорғау бөлімі ұйымдастырылды; автокөлік және керекті экспедициялық құрал-жабдықтар алу жоспарланған. Аталған программа мониторингін ПРООН Ресей Федерациясы атқарады.

Толығырақ: <http://www.elista.org/elista/shell-podderzhit-programmu-po-sohraneniyu-ischezayuschey-populyatsii-saygaka-v-kalmykii-3.html> және «Известия Қалмыки» басылымында (20.10.2010 з.).

## Қалмақияда ақбөкенге арналған календарь презентациясы өтті



Календарь фрагменті.

2010 ж. 21 желтоқсанында Қалмақиядағы «Ақбөкен жылы» мейрамын өткізуге арналған «Ақбөкенді сақтайық – біздің тірі мұрамыз» атты календарь презентациясы өтті. Оны ҚР-сы жабайы жануарлар Орталығы «Мегафон» компаниясымен бірге дайындаған. Шығарудың мақсаты – қауымдастықтар көңілін ақбөкенді сақтау проблемасына аудару. Календардағы әрбір айға ақбөкен тіршілігінен белгілі кезең сәйкес келеді. Басылым беттерінде Қалмақиядағы белгілі адамдар мен халықаралық табиғат қорғау ұйымдарының өкілдері дала антилопасы туралы өз пікірлерін баяндаған.

Қосымша мәліметтер алу үшін Ю.Н.Арыловпен, [kalmsaiga@mail.ru](mailto:kalmsaiga@mail.ru) хабарласу керек.



## Гуанчжоуда ақбөкенге 3-ші өнер фестивалінде ерекше көңіл бөлінді

2010 ж. қазан айында Гуанчжоуда өткен 3-ші өнер фестивалі ашылу салтанатына 200-дей мәдениет қайраткерлерін, қызмет адамдарын, студенттерді және көрме кезінде 50 мыңдай адам жинады. 10-нан астам бұқаралық ақпарат құрадары фестиваль жұмысын баспасөз беттерінде кең баяндады. Гуанчжоу фестивалінің ұйымдастыру комитеті, Гуанчжоу көркем өнер Академиясының жануарларды қорғау ассоциациясы және дизайн Дянчуифенг студиясы жабайы табиғатты қорғау қоғамының (WCS) колдауымен сирек кездесетін жануарларға арналған фестиваль үшін арнаулы экспозиция ұсынды.



Фестивальдің басты жарнама тақтасы.

Өнер тілі арқылы, қазіргі жеткізу құралдарын пайдалана отырып, жабайы жануарлармен заңсыз сауда жасау - олардың жойылып кетуін тудыратынын жеткізді. Ақбөкен бұл экспозиция жұлдыздарының бірі болды. Ақбөкен мүйіздерін шексіз тұтыну мен пайдалану Қытайда бұл жануардың жойылып кетуіне әкеп соқты және көрші елдерде де оның өмір сүруіне қиын жағдай туды.

Гуанчжоуда заңсыз сауда көп уақыт бойы Қытайдың және жалпы дүние жүзінің биоәртүрлілігіне қауіп төндіретін факторлардың бірі деп қарастырылды. Контрабандалық жолмен әкелінген тірі табиғат объектілері, оның ішінде ақбөкен мүйізі де бар, Гуанчжоудың жергілікті базарларында сатылып жатты. Оларды тамақ үшін, дәрі-дәрмек ретінде және декоративті безендіру үшін пайдаланды.

Қосымша мәліметтер алу үшін Фенглиан Ли, WCS Қытай. Хабарлау қажет, [fl@wcs.org](mailto:fl@wcs.org).



МСОП-тың Қызыл тізіміне кірген сирек түрлерге арналған экспозиция.

## Қытайда сирек жануарларды зерттеу Орталығында 24 ақбөкен лақтары өсуде



Сурет Gansu EARC

Ганьсудегі сирек жануарларды зерттеу Орталығындағы ақбөкендер тобы лақтарымен бірге.

1987 жылы Қытайдың Тенггер шөлінің оңтүстік беткейінде сирек жануарларды зерттеу Орталығы ұйымдастырылды; онда әкелінген жануарлар ішінде сирек жануарлардың бірі – ақбөкендер болды. 1993 жылдан бастап, олар тұратын торлардың (вольера) жер көлемі 30 га дейін кеңейтілді; мұнда жануарлар еркін жайылатын болды. 20 жылдың ішінде қолда өсірілген ақбөкеннің сандары өзгеріп отырды. Аңдар саны 1997 жылы 33 басқа дейін өсті, одан соң 2000 ж. 9 басқа дейін кеміді. Соңғы жылдары жағдай жақсарған сияқты болды. 2009 ж. 22 ақбөкен лақтары, ал 2010 ж. – 24 лақтары дүниеге келді. Популяция саны 80-ге дейін өсті, аналық пен аталықтың қарым-қатынасы 1:1 болды. Қолда өсірілген жануарлар санының аз екендігін ескере отырып әрі табиғатқа жіберу мүмкіндігін ескеріп, Орталық басқа елдерден жаңа жануарларды әкелуін армандайды; және бұл салада потенциалды партнерлер іздейді.

Қосымша материалдар алу үшін Ганьсю - дегі Орталықпен хабарласыңыздар [jianggeapple@126.com](mailto:jianggeapple@126.com) және Айли Кан, [akang@wcs.org](mailto:akang@wcs.org).

## Браконьерлік пен жасырын сауда жасаудың жолын кесу

### Орал популяциясы

2010ж. Тамыз айы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы даласында олжаларымен браконьерлер қолға түсті. Олар екі мотоциклмен табиғат қорғау және ветеринарлық полициядан қашпақшы болды. Браконьерлерден 12 ақбөкен мүйізі алынды.

Толығырақ: <http://www.kazpravda.kz/c/1282863423>.

2010 ж. қараша айы

Батыс Қазақстанда Қазталовка ауданында пос.Ажыбайдан 40 шақырым жерде атылған, мүйіздері кесіліп алынған 27 ақбөкен тушасы табылды.

Толығырақ:

<http://kt.kz/?lang=rus&uin=1138536468&chapter=1153527210>.

## Үстірт популяциясы

### 2010 ж. тамыз айы.

2010 ж. 26 тамызда Ақтөбе облысының (Қазақстан) Шалқар ауданында "Охотзоопром" инспекторы қылмыс жасаған, орыннан қаша бастаған аңшыны атты. УАЗ машинасымен өз территорияларын бақылауға шыққан "Охотзоопром" қызметкерлері далада мотоциклисті көрді. Тоқта дегенге қарамастан ол қашуға бет алды. Мотоциклист біздің жаққа қарай аңшы мылтығымен оқ атты. Пуля машиналардың бірінің есігіне тиді. Оған жауап ретінде инспектор АКС-74-мен аспанға ескерту ретінде оқ атты. Абайсызда оқ мотоциклистке тиіп, ол сол жерде жан тапсырды. Оның денесі қасынан аңшы мылтығы және ақбөкеннің мүйіздері бар сумка табылды. Соттық талдау барысында инспектор ақталды.

Толығырақ: <http://www.lenta.ru/news/2010/08/26/shot/>.

### 2010 ж. қараша айы.

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы территориясында РКП «ПО Охотзоопром» инспекторлары Манғыстау облысы Бейнеу ауданындағы Опорный поселкасының екі тұрғынын ұстады. Олар ақбөкендерді заңсыз аулаған. Браконьерлерден ақбөкеннің 20 аналығының тушасы, 9 жас лақтары мен бір текесінің тушасы алынды.

Толығырақ: <http://inform.kz/rus/article/2326892>.

## Бетпақдала популяциясы

### 2010 ж. маусым айы.

Қостанай облысы Жангельды ауданында ақбөкенге аңшылық жасаған екі еркек ұсталған. 35 және 44 жастағы олардан мылтық пен аралап алған екі мүйіз алынды. Бұл факті бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Толығырақ:

<http://kt.kz/?lang=rus&uin=1133168020&chapter=1153522089>.

### 2010 ж. қазан айы.

28 қазан 2010 ж. Ырғыз РОВД және Охотзоопром қызметкерлері Жайсанбай ауыл округіне қарайтын Атанбас деген жерде Ырғыз-Торғай табиғи резерватына қарасты автокөлікті тоқтатқан. Автокөлік салонында ақбөкен тушқасының алдыңғы жағы және регистрация жасалмаған екістволды аңшылық мылтығы табылған. Қылмыстық іс қозғау мәселесі қаралып жатыр.

Толығырақ: <http://vesti.kz/society/67674/>.

### 2010 ж. қараша айы.

24 қараша 2010 ж. Қостанай облысы Жангельды ауданында Збан селосының екі тұрғынына ашық сот болды. Олар 2010 ж. тамыз айында ақбөкендерді заңсыз аулап жүрген жерінен ұсталған. Соттың шешімі бойынша, браконьерлердің әрқайсысына 700 мың тенгеден айып пұл салынған. Сонымен бірге оларға 282 мың тенге мемлекеттік шығынды өтеуге тура келеді. Қазақстанның ішкі істер министрлігінің қызметкерлері өткізген бұл ашақ сот процессі «Браконьер» атты

оперативті – профилактикалық шараларды өткізудің қортынды кезеңі болды. Операция барысында 3 мыңнан аса табиғат қорғау заңдылықтарын бұзушылық анықталды, сондай-ақ аңшылық мылтықтарды сақтау ережесі мен оларды ұстауда заңдылықты бұзу байқалды. Табиғат қорғау заңдылықтарын бұзу фактілері жалпы суммасы 5,5 млн. тенге болатын шығын келтірді.

Толығырақ:

[http://www.express-k.kz/show\\_article.php?art\\_id=46051](http://www.express-k.kz/show_article.php?art_id=46051).

## Солтүстік-Батыс Прикаспий популяциясы

### 2010 ж. шілде айы.

Черноземель ОВД милиция қызметкерлері ақбөкенді заңсыз аулаған Артезиан поселкасының 27-жасар тұрғынын ұстаған. Қылмыс жасаған жерден 3 туш және 6 ақбөкен мүйіздері, регистрация жасалмаған мылтық және пышатар алынған. Келтірілген шығынды өндіріп алу үшін браконьердің ісі прокуратураға берілген; сот процесі барысында бұл мәселе шешіледі..

Толығырақ:

[http://kalmykia-online.ru/index.php?option=com\\_content&task=view&id=1340&Itemid=30](http://kalmykia-online.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=1340&Itemid=30) и *Известиях Калмыкии от 2 ноября 2010 г.*

### 2010 ж. қараша айы.

2010 ж. 1-ші қарашасында Қалмакияның Черноземельный аудандық Нарн-Худук ауылдық муниципальдық білімнің бұрынғы участкелік милиционері Валерий Мукабеновты және екі жергілікті тұрғындар Лузина Сангаджиевті және Адама Халидовті ақбөкендерді заңсыз аулағаны үшін кінәлі деп тапты. Браконьерлер 2010 ж. 11 наурызында 19 ақбөкенді атып алған (қара: *Saiga News, 11*). Заңды бұзғандар шартты мерзімге сотталған және қоршаған ортаға келтірген шығыны үшін 484,5 мың сом айып пұлын төлейтін болды.

Толығырақ:

<http://eco.rian.ru/danger/20101102/291706624.html>.



Сурет: Kazakhstan Today



# Мақалалар

## 2009 – 2010 жылдары ақбөкеннің бетпақдала популяциясын жердің жасанды серігі арқылы бақылаудың нәтижелері

Салемгареев А.Р., Шаймуханбетов О.К., Цутер Ш., Склярченко С.Л.

Биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы, [albert.salemgareev@acbk.kz](mailto:albert.salemgareev@acbk.kz)

2009 ж. күзінен бастап Республикалық қоғамдық бірлестік (РОО) «Биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы» «АСБК») «Алтын Дала» табиғат қорғау инициативасы шеңберінде ақбөкеннің бетпақдала популяциясынан аңды аулап, жердің жасанды серігі арқылы оларға бақылау жүргізілуде. Бұл программаның мақсаты – ақбөкендерге ошейниктер (мойын білезіктері) тағу арқылы олардың қыстайтын жерін анықтау, қоныс аударатын жолдарын білу; осы мәселелер жөнінде анық мәліметтер алу, сол арқылы бетпақдала популяциясын қорғаудың тиімділігін арттыру.

2009 жылдың қазан айында тағылған 20 қабылдағыштардың 13-і жұмыс істеп тұр. 7 білезік тағылған жануарлардың өлген бесеуін тауып алдық. Олардан ошейниктер алынып, олар биылғы жылы басқа жануарларды білезіктеуге пайдаланылған. Сонымен бірге, биыл 20 ошейник жаңадан ақбөкендер мойнына тағылған.

Ақбөкенді аулау үшін былтырғы жылы бұл аңды ұстау үшін біз ұсынған «Мобильный коралды (сетті) әдісі» («Метод мобильных коралей») қолданылды. Мынаны айта кету керек, дүние жүзінде қолданып жүрген бірде-бір аулау әдістері 100% жануарлардың қауіпсіздігіне кепілдеме бере алмайды. Бірақ екі жыл біз жүргізілген тәжірибеде қолданылған аулау әдісі-жануарларды ұстау кезінде олардың жарақаттануын және денелерінің қызуын мардымсыз дәрежеде болуын қамтамасыз етеді. Біз спорттық мотоциклдерді пайдаландық және екі кез-келген жерден өтетін екі автокөліктегі аулаушылар ұзындығы 25-30 м, биіктігі 2,5-3 м болатын екі мобильный коралдарды (сеттерді) пайдаланды. Қоршаған ортаның ауа температурасына, жер бедеріне, жануарлардың жалпы күйіне байланысты жануарларды



Карта. Бетпақдалада ақбөкендерге білезік салған территория.

торға енгізу 4-5,5 минуттай ғана уақытқа созылды; ал ұсталған ақбөкенмен жұмыс істеу 4 минут уақыт алды. Олардан морфометриялық көрсеткіштер, ДНК-анализ үшін қан, жүнінен кішкене проба алынды. Қилары, болса-эктопаразиттер жиналды. Барлық жануарлар еттерінің активтілігі тез қалпына келуі үшін 3 мл витаминді ертінділермен егілді.

Біз моделі GPS Plus Collar ошейниктерін Vectronic Aerospace-тан (<http://www.vectronic-aerospace.com>) пайдаландық; GPS аңның қай жерде екенін (координатын) анықтау үшін қажет; мәліметтерді заказчиктің электрондық адресіне жіберу үшін Globalstar спутниктік системасы пайдаланылды. Бұл система энергияны аз жұмсайды; өте дәлме-дәл координаттарын алуға мүмкіндік береді; күнделікті және жоғары дәрежеде мәліметтерді жеткізу қалтамасыз етеді.

Ошейниктің салмағы шамамен 600 г., жануарлар салмағының тек 2-3%-і ғана, сондықтан ол жануарларға ешқандай кедергі жасамайды. Ақбөкенді білезіктеу барысында, оларды аулау және зерттеу, білезіктеуден кейінгі екі ауыр жетінің ішінде олардың денсаулықтарына жағымсыз әсер еткен жағдайлар байқалған жоқ.

Ошейниктердің барлық уақытта жұмыс істеу кезінде мәліметтерді берудің жалпы коэффициенті - 92,4%, болды; бұл жануардың күнде қай жерде жүргенін анықтауға мүмкіндік береді. Қабылдағыштың жұмысы екі жылға арналған; одан кейін ошейниктердің бір бөлігі ағытылатын



Сурет Ш. Цутердің

Спутниктік қабылдағышпен жабдықталған ақбөкенді жіберу.

сағаттық өзінен-өзі босатылатын механизммен жабдықталған, ал қалған бөлігі мақта қабаты шіргеннен кейін түсіп қалады. Аккумуляторды ауыстырғаннан кейін ошейниктерді қайта пайдалануға болады. Мұндай типті ошейниктермен ақбөкенді білезіктеу бірқатар ғылыми міндеттерді және бұл түрді сақтау мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. 2009 ж., қабылдағыштардан алынған мәліметтер мемлекеттік қызметтердің қорғау шараларын түзетуге, 2010 ж. авиасанағының маршрутын жоспарлап, түзету енгізуге мүмкіндік тудырды; жоспарланып отырған «Алтын Дала» территориясында және «Аққұм» аңшылық шаруашылығында ақбөкендердің жаппай төлдейтін жері белгілі болды; жануарлардың күйге түсу алдындағы ірі тобы (25 мың. бас) және күйлеу орындары анықталды; Көп мекендейтін негізгі қоныстарының картасы жасалды; ол ерекше қорғалатын территорияларды жоспарлағанда қолданылады.

## Қауымдық басқарудың тиімді жолы ретінде ақбөкенге трофейлік (олжалық) аулауды пайдалану мүмкіндігін зерттеу

Браун М., Сингх Н.

Лондон Империял Колледжі, [matbrowner@googlemail.com](mailto:matbrowner@googlemail.com)

2006 ж. қол қойылған қоныс аударатын түрлер Конвенцияның Ортамерзімді халықаралық жұмыс программасын талқылау төңірегінде ақбөкенге тұрақты трофейлік аңшылық мәселесін зерттеу қызығушылық тудырғандықтан ақбөкенге «Қауымдық трофейлік аңшылық программасын» (программа общинной трофейной охоты - ПОТО) дамыту мүмкіндігін зерттеу қолға алынды.

Трофейлік аңшылық – жергілікті қауымдастыққа белгілі табыс табудың пайдалы көзі болып табылады және аңдарды мекендейтін қоныстарында сақтап қалуға мүмкіндік тудырады. Тұяқты жануарлардың басқа түрлеріне кейбір жерлерде аңшылық жасау алма-кезек табыспен өтеді. Қауымды табиғат қорғау

менеджментке тарту – жергілікті тұрғындарда біздің де мүдделеріміз ескеріліп жатыр деген ой тудырады. Оларды биоәртүрлілікті бағалауға үйретеді. Қауымдағы трофейлік аңшылық программасы ауыл тұрғындарына табиғи ресурстарды басқаруға қатыса отырып, табыс табудың балама көздерін пайдалануды ұсынады.

Сонымен бірге, бұл бірқатар проблема мен сұрақтар туғызады, өйткені трофейлік аңшылық барлық уақытта қолайлы жағдай тудыра бермейді және аңның популяциялық деңгейін төмендетіп жіберуі де ғажап емес. Ақбөкенді сақтау инструменті есебінде трофейлік аңшылық мүмкіндігін зерттеу үшін трофейлік аңшылықтың ақбөкен популяциясының

динамика мен структурасына есер етуін көрсететін модель жасалған. Бұл моделдің нәтижесі бұл программаның (ПОТО) ересек текелер үшін жарамды екенін көрсетті; қанша ұзақ мерзімге және қанша сыртқы факторларға, мысалы, ауа райының өзгеруіне, байланыстары өзгеріссіз қалады. 2007 ж. жарияланған мемлекетаралық ауа райының өзгерісін зерттейтін эксперттер группасы жасалған климаттың өзгеру моделі бізге ақбөкен таралған жерлерде жаз айларында жауын-шашынның азаюы және қыста өсуі болжамын ұсынуға көмектесті; оның ауа райының экстремальды (төтенше) жағдайда өзгеруіне әкеп соқтыруы мүмкін; бұл ақбөкендердің өлім-жітімге жоғары дәрежеде ұшырауына әкеп



Ақбөкен текесі.



соғады.

Ақбөкен популяциясының тез өсуі, өсімталдығының жоғары болуы, аналықтарының жыныстық жағынан тез жетілуі, тіршілігінің барлық өмірінде өнімділігінің жоғары болуы және аналықтарының көбіне егіз табуы сияқты мәліметтер бұл түрдің ұзақмерзімді трофейлік аңшылық үшін қолайлы объект екенін көрсетеді. Трофейлік аңшылық ересек текелеріне ғана бағытталған; оны жыныстық қарым-қатынастың жағымсыз жақтарын болдырмауға бағытталған деп түсіну қажет. 1.5 жастан жоғары текелерінің жас жағынан айырмашылығын тез айыру қиынға соғады, соған сәйкес олардың жасының төменгі деңгейін анықтау қиын, сондықтан да аңшылық кезеңді күйлеу мерзімі аяқталғанға дейін қалдыруға болады. Бұл ересек текелерінің көбеюге қатысуға мүмкіндік береді.

Ересек текелерінің 12 ұрғашылары бар гаремдерді ұрықтандыра алатыны белгілі. Сол арқылы көбеюге қатысатын жасырақ текелердің қатысуының төмендетеді; Бұл өніп-өсу процесін жақсартып, дені сау популяцияның көбеюіне жағдай жасайды. Бұл жағдайдың кемшілігі сол жетілген ересек текелерді популяциядан алу-жас популяцияның қалыптасуына әсер етеді; ал жас текелер күйге түсу кезінде көп жұмыс істейді де қыс айларында өлім-жітімге көп ұшырауы мүмкін. Бұрын белгілі болғандай, интенсивті трофейлік аңшылық қылыш мүйізді антилопаның территориялық және күйлеу кезіндегі мінез-құлқының бұзылуына әкеп соқты; бұл ұзаққа созылған туу процесі кезінде туу кезеңін қысқартады және жас лақтарының өлім-жітімге ұшырау деңгейін өсіреді. Кеш туған жастары қысқа дейін керекті салмағын ала алмайды да, қыс айларында, әсіресе, жұт жылдарында, көп шығынға ұшырайды.

ПОТО программасын ақбөкенге енгізу үшін қиындық тудыратын факторлардың бірі – браконьерліктің жоғары қарқынмен дамуы. Олармен күресу шараларын қатаң қолға алу қажет; ал жергілікті тұрғындар браконьерлікті болдырмау жұмысына белсенді қатысуы керек. Бұл жұмыста қаржылық ынталандыру процесін іске қосу қажет; сол арқылы браконьерлікпен айналысып жүрген адамдарды ақбөкен сияқты бағалы ресурстарды қорғау жұмыстарына жұмылдыруға болады. Жергілікті қауымдастықты жұмысқа тартуда қаржыны қажет етеді.

2005 ж. аңшылардан сұрау (Кюль, 2007) мынаны көрсетті: ақбөкенге аңшылық жасаудан түскен табыстың

басты бөлігі оның етін сатудан түседі екен де, ал дәстүрлі қытай медицинасында қолданылатын мүйіздер сатудан одан азырақ пайда түседі екен. Олар шамамен 50-60 ақбөкен аулап, оның ішінде 15-24 текелері бар, әрбір аңшылық жасаудан 1107 доллар табыс табуға тырысқан. Трофейлік аң аулаудан түсетін табыста аңшыларды қызықтыру үшін осы деңгейде болғаны дұрыс.

Орталық Азия трофейлік аңшылық жасаудың танымал орны болып табылады. Көп түрлерге аңшылық жасауға болады және әртүрлі туристік операторлар шет елдер қонақтары мен жергілікті тұрғындар үшін қолайлы жерлер пакетін ұсынады. Қазірде ақбөкенді аулауға тиым салынған, бірақ осы сияқты түрлердің бағасы бір рет аңшылыққа шыққаны үшін 250-ден 850 АҚШ долларына дейін болады. 15-24 ақбөкен текелерін бір топ аңшылар аулағанда, олардың бағасы 3750-6000-нан 10 500-16 800 доллар шамасында болуы мүмкін. Бұл 50-60 ақбөкен мүйіздері мен еттерін сатқаннан түсетін пайдадан әлі де қайда артық; тіпті оған ұзақ уақыт трофейлік аулауға қатысқан басқада аңшылардың үлесін қосқанда.

Жергілікті қауымдастық негізінде трофейлік аңшылықты жүзеге асыру үшін оның қауымдастықтың советімен бірге ролі жоғары болуы қажет. Бұл қауымдастықтың мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты бақылауға, техникалық жағынан көмектерді, әсіресе ресурстар мен туристерді әділ бөлуге көмектеседі. Коррупцияны болдырмау үшін яғни қаржыларды дұрыс пайдаланбау, санақ мәліметтерін дұрыс көрсетпей немесе заңсыз лицензиясы жоқ аңшылық жасау сияқтыларды болдырмау үшін аңшылық жасаудың барлық мәселелері айқын және есептері дұрыс болуы қажет. Мұнсыз ПОТО программасы халықаралық аңшылық ұйымдарының табиғат қорғау агенттерінің сенімін жоғалтады; тіпті қауымдастықтың өзінің қолдауынан да айырылуы мүмкін.

Ақбөкеннің қоныс аудару аудандары өте кең; тек белгілі қауымдастар ғана аңшылық жасау маусымы кезінде ақбөкен қоныстарында болады. Бұл мынадай сұрау тудырады: ПОТО программасына қатысушы барлық қауымдастықтар одан белгілі пайдалы қорғанды шығара ала ма? Бұл мәселені шешу үшін зерттеу жұмысын жүргізу керек, браконьерлікті болдырмау шараларын қарастыру қажет және қандай еңбекақы алу қауымдастықтар үшін пайдалы екенінде есепке алу керек.

# Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен популяциясының қазіргі күйіне баға беру

Проняев А.В.

Ресейдің мемлекеттік аграрлық сырттай оқытатын университеті, [vest-ohot@mail.ru](mailto:vest-ohot@mail.ru)

Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен популяциясына қызығушылық тоқталмайды. Бұл соңғы 15 жылда оның популяциондық санының өзінше өзгеруіне байланысты. Соңғы 60 жыл ішінде инструментальдық бақылау саны азайғанның артынан барлық кезде санының тез өсетіндігін көрсетті. Міне осылай XX ғасырдың 60 жылдар ортасында және 80-шы жылдардың екінші жартысында болды. 1996 ж. санының кезекті өсуі тіркелді. 2000 жылға дейін созылған санының қысқаруы оның қорының 15 есе төмендеуіне әкеп соқты. Бұрынғы бақылаулар негізінде, группировкалардың тез өсуі байқалған жоқ. Жыл сайынғы болатын эксперттық бақылаулар күні бүгінге дейін санының жағымды жағына дейін өзгерістерін байқаған жоқ, соңғы 2004 жылғы санақ бойынша. Түсінікті себептерге байланысты, популяцияның қазіргі күйі бүгінде апатты жағдайда деп бағалауға болады.


Бұрынғының іздері келешекке жетектейді дейді. Осы принципке сүйене отырып, аулау жоспарының (квота) орындалу көрсеткішін қарайық. Бұл көрсаткішті қолдануының логикалық негізіне тоқталмаймыз. Тек параметрді қолдану популяцияның санымен тығыз байланыста екенін атап айтамыз. Популяциондық – биологиялық характеристикадан, бірінші ретте, санының өзгеру динамикасынан, аулаудың мөлшері (квотасы) шығады. Квотаның мөлшері сан өзгерістерінен кейін шығады.

Егерде берілген квота толық игерілмей жатса (кезкелген тең жағдайда), онда группировка санының аязайғаны немесе оның дұрыс саналмағаны болап табылады. 1980 ж. ақбөкендерді сетевой коральмен аулау әдісі енгізілген (Максимүк, 1982). Мәлімдеменің мақсаты үшін бұл әдістің бір биологиялық ерекшелігін айта кету керек. Коральді орнату және «ауланатын» территория популяцияның кеңістік структурасымен тығыз байланыста болады. Кораль (аулайтын тор сетка) әдетте жануарлардың топтасқан жеріне немесе олардың өтетін қоныстарына орналастырады. Бұл коральді қайта құру күндізгі уақыттың жарты бөлігін қамтитындай болуы қажет. Аулау уақытының шектеулі болуымен және көбірек пайда табуды көздеген жағдайда, жануарлардың ұсақ топтарынан аулауға коральді пайдаланған жоқ. Коральмен ұстау үшін топтағы (стад) жануарлардың саны 2000-нан кем болмауы керек. Бір күннің ішінде бригада орташа 478 бас аңды ұстады (орташа есеп 1983 ж. аулау кампаниясының кезінде 82-ші бригада – күн санағы бойынша жүргізілген). 1980-1985

жылдар аралығында 4-5 бригаданың көмегімен -мөлшері 20-90 мың бастан тұратын квотаны орындауға мүмкіндік болған. Мұндай жағдайда үлкен квотаны пайдалану уақыты бір айдан аспаған.

Аулаудың бұл технологиясы сондай тиімді; бұл әдіспен аулауды популяцияның қазіргі жайын білдіретін сондай дәлді инструмент деп қарастыруға болады. Өйткені барлық аулау кампаниялары аз уақыт ішінде көбірек пайда табуға тырысады; ал өзгеріп тұратын параметрлер деп, технологияны қолданудың табысы емес аңның сан мөлшерін және популяцияның басқа да қасиетін алу керек.

Солтүстік-Батыс Прикаспийде сетевой коральды қолдану тарихына тоқталайық (1-сурет). 1986 жылға дейін барлық берілген квоталар осы сетевой коральдар арқылы толық игерілді. 1986 жылғы аулау компаниялары ұстау уақыты кезінде сетевой кораль арқылы 20 мың мөлшеріндегі квотаны орындай алмады. Сондай жағдай 1990 және 1996 жылдары да байқалды (1-сурет). 1996 ж. аңның саны 300 мыңдай деп анықталған еді.



1-сурет

Ақбөкеннің саны және аулау квотасын игеру. Тігінен – аңның саны, мың есебімен; көлденеңде – жылдар. Стрелкалар арқылы аулау жоспары орындалмаған жылдар көрсетілген. Стрелка сандарында жоспардың орындалу проценті көрсетілген.

Қолданылған параметрдің негізінде, мынаны шамалауға болады; көрсетілген жылдарда көрсетілген әдіспен аулау көзделген популяцияда стада (топ) аз болған, ал саны анықталғаннан төмен екендігі байқалған. 80-шы жылдары популяцияларға бақылау жүргізу арқылы санын дәлме-дәл тексеру жұмыстары жүргізілген (Проняев және басқалар, 1988).



Санауды бағалаудың методологиялық жағына толығырақ тоқталмай-ақ, мынаны айтуға болады: самолетпен санақ жүргізу мен есептеу (расчетной) арасындағы санау айырмашылығы 50% шамасыда (есептеу төмен) болды. Осыны негізге ала отырып, 1996 жылғы санның жоғары шекарасы 150 мыңдай бас болды деп шамалауға болады. Ал, төменгі шекарасын анықтау өте қиын. Мүмкін, ол 60-80 мыңдай ақбөкен болған шығар. Санақ жұмысын бұлай бағалау 1996 жылдан кейінгі жағдайды басқаша қарауға яғни апатты жағдай деп қарастыруға болмайды. Егерде жылдар аралығындағы коэффициенттерді ескерсек (1996 ж. - 300 мың бас, 1997 ж. - 270 мың және т.б.), сонда мынадай санақ қатарын алуға болады: 1996 ж. - 150 мың бас; 1997 ж. - 135 мың.; 1998 ж. - 90 мың.; 1999 ж. - 27,5 мың.; 2000 ж. - 12,5 мың және т.б. Қолданылған тәсіл соңғы санақ жұмыстарының нәтижелеріне ұқсас баға беруге мүмкіндік берді. Бірақ мұндай санақты қайта бағалау популяцияның қазіргі «қиын» жайын тек аздап қана түсіндіреді. Неге ұзақ уақыт бойы популяцияның елеулі өсуі байқалмайтыны түсініксіз қалып отыр?

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Солтүстік-Батыс Прикаспийде мекендейтін популяцияда ақбөкеннің екі экоморфысы қалыптасқан деген ұғым болды (Соколов және т.б., 1998). Ол бұл түрдің биологиялық ерекшеліктеріне басқаша позицияда қарауға мүмкіндік берді. Аулау кезінде пайда болатын санасыз жасанды сұрыптау (искусственный отбор) және оның механизмі ұсынған болатын (Рожков, Проняев, 1994). Популяцияның депрессияға ұшырау себептерін талдай келе, Б.Д.Абатуров (2007) Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен мекендерінің кең көлемде шөлейтке айналғанына көңіл аударады. Қалыптасқан өсімдіктер құрамы қорытылуы қиын болғандықтан ақбөкендерді жоғары сапалы азықтармен қалетамасыз ете алмайды. Сондықтанда, бұл фактор популяцияда жоғары сапалы азықтарды қажет ететін векторлық (сапалық) сұрыптау керектігіне бағыттайды. Популяцияда кеңістіктегі қимылы төмен (активность), өсу қарқынында баяу және көбею дәрежесінде төмен болатын әдеттегідей

емес экоморфтағы жануарлар жинақталуы қажет. Бұл формадағы аналықтардың көп бөлігі өмірінің бірінші жылында көбеюге қатыспайды; ал ересек жануарлар арасында егізден туу өте төмен. 80-шы жылдары да аулау осындай форманың көбеюіне мүмкіндік туғызды.

1991-96 жылдар аралығында әдеттегі экоморфының саны өскен жоқ, ол 1996 ж., аулау жоспарын орындалмау нәтижесімен дәлелденді; мұнда мүмкін табиғи сұрыптау әсер еткен болуы керек. Бұл жайылым жануарларды жеткілікті түрде энергиямен қамтамасыз еткен жоқ деген сөз емес. Соның салдарынан әдеттегі сценария – аң санының тез өсуі жүзеге аспайды.

Мүмкін, популяцияда ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында байқалған оқиға (ситуация) болған шығар (Жирнов, Максимук, 1998). Жүз жыл бұрын басталған депрессия 20-30 жылға созылды. Санның өсуі тек соғыстың басталар жылдары алдында ғана болды. Біз куә болған кеңкөлемді депрессия 2000 ж., болды десек, онда популяцияның «жандануы» 10-20 жылдан кейін болады.

Мүмкін, популяцияның қазіргі жайын «депрессия» деп атауға да болмайтын шығар. Тіпті ақбөкен кіретін экосистеманың күйінің де жаңа әрі өнімділігінің төменгі дәрежеде екенінде айта кеткен жөн. Бұл күйге өту 15 жылдай бұрын өткен ғасырдың 80-шы жылдарының орта кезінде болды. Бүгінде Солтүстік-Батыс Прикаспийде популяцияның санының өзгеруі байқалады, бірақ оның алқымы онша үлкен емес және оны қазіргі санақ жүргізу әдісімен анықтау қиын.

Түрдің қазақстандық популяцияларының қазіргі жайына талдау жасау үшін қазірде мәліметтер жеткіліксіз. Бірақ, олардың ғасыр бойы динамикасының мәні (Фадеев, Слудский, 1982) және өткен ғасырдың 80-шы жылдарының ортасынан басталған динамикасы (төмендеуі, аздап санының өсуі және оның тез қысқаруы) (Грачев, Мелдебеков, Бекенов, 2009) ақбөкен таралуының шығыс бөлігінде де ситуация Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі сияқты деп шамалауға болады; тек мұндай ситуацияның пайда болуында кейбір өзгерістер болуы мүмкін.



Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен популяциясы.

# 2009-2010 жылдардағы Өзбекстандағы ақбөкеннің үстірт популяциясына коллективтік мониторинг жүргізудің нәтижелері

Быкова Е.А., Есипов А.В.

ӨзБР-сының зоология Институты, SCA, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)

Ақбөкенге тікелей санақ жүргізудің қымбат екенін және басқа да бірқатар шектеулерды ескере отырып, жергілікті тұрғындар арасында ақбөкеннің қазіргі жайын білуге бағытталған анкеталар тарату арқылы жұмыс жүргіздік; яғни коллективтік мониторинг әдісін қолдандық. Сұрауға, негізінен, территорияны жақсы білетін және Жаслық, Қарақалпақия және Кубла Үстірт поселкаларында тұратын бұрынғы аңшылар тартылды. 2009 ж. қазан айынан 2010 ж. сәуір айы аралығындағы мәліметтер жиналды. Бұл кезең күздегі Қазақстаннан қоныс аудару, күйге түсу және көктемдегі солтүстікке қоныс аудару және төлдеудің бас кезінде ақбөкендер Үстірттің қарқалпақстан бөлігінде болуын қамтиды.

Анкеталар мәліметтеріне сәйкес барлығы 1217 ақбөкен есепке алынды, оның 36-сі текесі, 1045-і аналығы, 36 лақтары болды, ал 100-нің жыныстығы анықталған жоқ. Эксперттік бағалау бойынша, ақбөкеннің жалпы саны 2 мың бас шамасындай болды. Тобындағы аңның саны 5-тен 50-ге дейін жетті. 2009-2010 жж. қысы, алдыңғы жылдардағы сияқты, қалың қарлы (қардың қалыңдағы 50 см, ал кейбір жерлерде 1 метрге дейін жетті) болды. Оңтүстікке қарай жаппай қоныс аудару қаңтар айында байқалды; әдеттегіден бір ай кеш. Кері қарай қоныс аударуда кешірек – наурыздың аяғы – сәуірдің басында өтті. Қаңтар-Ақпан айларында күшті жел тұрып, қар қалың түсті.

Бұл кезеңде ақбөкендерге бақылау жүргізудің аз болуы территорияда транспортпен жүрудің қиындығымен түсіндіріледі. Осыған байланысты жергілікті тұрғындар далаға шыға алмады (бұл ақбөкендер үшін қолайлы). Көп бақылаулар қар кеткен соң наурыз айында өтті. Былтырғы жыл сияқты, ақбөкендер, негізінен, қыраттың солтүстік бөлігінде топтанғаны байқалды. Сонымен бірге ақбөкендерге браконьерлік жасаған туралы да мәліметтер алдық. Барлығы, сұрау бойынша, 91

ақбөкен ауланған, оның көпшілігі аналықтар болған. Текелері мен аналықтарының мұндай қарым-қатынаста болуы-тандап атудан емес, тек текелер санының аз болуынан. Текелері бірінші ретте атылып алынады ғой, өйткені оған деген сұраныш халықаралық қара саудада өте жоғары және ақбөкен мүйіздерінің бағасы да өте жоғары болып саналады. Барлық жастағы текелері ауланады. Ересек ұрғашылары еттері үшін ауланады (өздерінің пайдалануы үшін және жергілікті әрі регионалды сауда үшін). Аңшылыққа бір рет шыққанда ауланатын аң саны 10-ға жетеді, орташа – 2,8 бас. Сонымен бірге көретілген мерзім ішінде аңшылар заңсыз Оңтүстік Үстірттен 4 қарақұйрықты атып алған. Біздің мәліметтер браконьерліктің даму дәрежесін көрсетпейді, өйткені мұндай мәліметтерді бақылаушылардың бәрі бірдей көрсете бермейді. Бірақ олар браконьерліктің болғанын, оның әдістерін және табыстарын көрсетеді. Бақылаушылар ақбөкендердің табиғи өлім-жітімге ұшырауын көрсеткен жоқ (мысалы, азықтарының аздығынан немесе қасқырдың әрекетінен болған). 2010 ж. қаңтар айында қарақалпақтық Үстірттің солтүстік жағынан қасқыр екі рет байқалған (екеуінің ізі көрінген және бір қасқырды көрген).

Бұл әдісті біз 2007 жылдан бастап, Fauna & Flora Internationalмен бірге коллективтік мониторингті енгізу программасы төңірегінде қолданамыз. Мұның елеулі жетістігі - бақылаушылардың ұзақмерзімді сетін құру болып табылады. Бірақ осының өзі едәуір қиындық тудырады; ол үшін белгілі білімі бар және онымен бөлісетін негізгі фигураларды табу керек. Сын көзбен қарап және сұрау мәліметтерін өте сақтықпен пайдалану, аз мөлшерде қаржы жұмсап, ақбөкеннің саны, популяция құрамы, территорияда маусымдық таралуы туралы бүкіл жыл бойы жеткілікті объективті мәліметтер алуға көмектеседі. Соған қарамастан бұл әдіс жалпы арнаулы санақ жұмысын алмастыра алмайды. Дәлме-дәл мәліметтер алу үшін оның тиімділігін арттыру қажет; ол үшін оған қатысатын бақылаушылардың білімділігін арттыру, санақты жүргізу үшін олардың методологиялық дайындығын күшейту, күнделікті қалай жүргізу керек және далалық құрал-жабдықтар пайдалану керектігі сияқты жұмыстарды атқару керек. Бұл әдісті басқа да әдістермен қатар (жер бетіндегі және самолетпен санақ жұмысы, іздері арқылы санақ) комплекссті мониторинг программасы шеңберінде пайдалану ұсынылды. Бұл әдісті қолданудың тағы бір жағымды нәтижелерінің бірі-жергілікті тұрғындарды тарту; олармен тығыз байланыс орнату – одан әрі табиғат қорғау шараларын жүргізуге қолайлы жағдай туғызады.



Өзбекстанда ақбөкеннің қоныс аудару жолдарын талқылау.



# Еділ-Жайық өзендері арасында ақбөкендердің өлім-жітімге ұшырауының жұмбағы

Сапанов М.К.

Ресей Ғылым Академиясының орман шаруашылық институтының Жәнібектегі стационары,  
[sapanovm@mail.ru](mailto:sapanovm@mail.ru)

12 мың ақбөкендердің орал популяциясынан 2010 ж. көктемінде көбею кезінде қырылуы (қара: *Saiga News, 11*) үлкен күтпеген оқиға болар еді, егерде мұндай жаппай қырғын 1984 және 1988 жылдары болмаса. Ақбөкендердің қырылу себебі - барлық уақытта арнаулы түрде жұқпалы ауру – пастереллезаның лап етуі деп анықталды; оның қоздырғышы әруақытта ақбөкен организмінде болады. Өлімнің себебі тағы бір хабар бойынша уландырғыш заттардың әсері деген болжам бар (<http://www.inform.kz/rus/article/2274833>). Әйтседе, бұл екі хабарда өлген аналарының сүтін ішкен және олармен тағыз байланыста болған лақтарының тірі қалуын түсіндіре алмады.

Біздің пікіріміз бойынша, ақбөкендердің өлімі іші кеуіп кету ауруынан (тимпания) болған, яғни ылғалды жас шөптесін азықтарды артық жеген кезде өсімдік қалдықтарының ашуыан таз қарынның (рубец) кеуіп кетуінен демалу қиындайды. Бұл уақыттағы табиғи құбылыстарға жан-жақты талдау жасау осындай сценарияны көрсетті; сонымен бірге біздің пікір орал популяциясының таралу аймағында орналасқан Жәнібек стационарында ақбөкендерді қолда ұстаудың көпжылдық тәжірибесіне негізделген. Жәнібек стационары ресей-қазақстан шекарасында орналасқан және оны ҚР-ның орман шаруашылығы ғылыми-өндірістік Орталығы мен РАН-ның орман шаруашылы институты бірлесіп пайдаланады. Осында Б. Д. Абатуров, К.О. Ларионов, Б. И. Петрищев, А. Е. Субботин, М. В. Холодова бірінші рет және көп жылдар бойы (2007 ж. дейін) ақбөкендерді қолд өсіру жұмыстарымен айналысты және олардың қоректенуін зерттеуде тәжірибелер жүргізді.

Ақбөкендердің төлдеу кезеңі барлық кезде жас шөптердің қаулап өсу кезеңімен дәлме-дәл келеді.

Іштің кеуіп кету негізгі шарты – жеген азықтарының атмосфералық ылғалмен күшті ылғалдануы, әсіресе, егерде жеген шөптерінің құрамында бұршақ тұқымдас шөптер болса, мысалы, дала жоңышқасы. Күйіс қайтаратын жануарлардың таз қарынында өсімдіктер қалдықтары ашуының жоңышқа күшті «катализаторы» болып табылады.

2010 жылға ақбөкен төлдеген жердің экологиялық жағдайын қарап көрейік. Олар бұл участкакті бірінші рет таңдап алған. Шөп құрамы Еділ-Жайық өзендері арасындағы ауыр топыраққа тән өсімдіктер. Биіктеу жерлерде шөл және шөлейтті аймақтарға тән өсімдіктер өседі; төменгі жазық жерлерде құрамында дала жоңышқасы бар әртүрлі шөптер мен дәнді ассоциациядан тұратын далалық аймаққа тән өсімдіктер.

Ақбөкендер таңатар алдында көп жайылады, әрине, сол кезде олар ылғалды жас шөптермен азықтанады. Біздің сұрауымыз бойынша К.О. Ларионов өлген ақбөкеннің таз қарынынан алынған өсімдіктер құрамына анализ жасаған. Бұл анализ көрсеткендей, өлер алдындағы олардың негізгі қоректері – қосжарнақты өсімдіктер (бұршақ тұқымдастар, әртүрлі шөптер және бұталар) болған; олардың жалпы үлесі 93%-ке жеткен. Негізгі азықтанған өсімдіктері – жоңышқа (*Medicago sp.*), қазтабан (*Potentilla sp.*) және таран (*Polygonum sp.*) болған. Ақбөкендер рационы құрамының басым бөлігін жоңышқа алған (26%).

Тек ылғалды жас жоңышқаны тым артық жеу сөзсіз тимпанияны тудырады (іштің кеуіп кетуін), мысалы, күйіс қайыратын үй жануарында. Бұл көптен белгілі. Мүмкін, ақбөкендерде де бұған табиғи иммунитет болмауы.

Әдетте, ақбөкендер қолда өсіргенде жас шөптерді тым көбірек жейді. Мынаны айту керек, аналықтардың



Ақбөкендер қырылған жердің негізгі ландшафтисі, тамыз 2010 ж.

өлімі алдында қатаң қалың қарлы қыс, ауыр көктемгі қоныс аудару және төлдегеннен кейінгі организмнің әлсіреуі де олардың өлім-жітімге ұшырауына себеп болды. Өлген жануарлардың ішінде текелерінің болмауы, олардың бөлек жайылуымен түсіндіріледі. Тірі қалған лақтырының азғантай тобы (мүмкін, бұлар жаппай өлім-жітім кезінде әлі де жас шөптермен толық қоректенбегендер) шағын группа болып күзге дейін біз сипаттаған жерге жақын жүрді.

Ақбөкендер аналықтарының мыңдап жаппай қырылуының біз айтқан болжамын тәжірибе жүргізу

арқылы тексеру керек. Ақбөкендерде тимпаниядан қорғану механизмі жоқ болған жағдайда, оларды сақтаудың комплексті шараларын қайта қарау мәселесі туады. Біздің пікірімізше, бұл бағытта ғылыми жұмыстарды Қазақстанда жоспарланып, ұйымдастыруға ұсынылып отырған "Бөкейорда-Жайық" табиғи резерваты шеңберінде Жәнібек стационарының базасын және ғылыми потенциалын пайдалану арқылы тиімді жүргізуге болады. Автор Б.Д. Абатұров пен К.О. Ларионовқа, сондай-ақ ақбөкеннің экологиясын жақсы білетін И.К. Илимисовқа шын жүректен алғысын айтады.

## Табиғат қорғау шараларын жоспарлау үшін «Биосан» программасы

*Долгоржав Санжматав*


WWF-Моңғолия, [sanjmyatav@wwf.mn](mailto:sanjmyatav@wwf.mn)

Биосан – ГИС материалдары негізінде мәліметтер базасын басқару программасы. ГИС материалдары – сүтқоректілер мен құстардың саны, құрамы, кеңістіктегі таралуы мәліметтерін жинау, сақтау және оларды өңдеу және қажетті мәліметтердің базасын жасау болып табылады. Мәліметтер базасы жануарлар санының өзгеруін және олардың маусым бойынша таралуын анықтауға мүмкіндік береді; ол қоршаған ортаны қорғау және соған сәйкес шараларды орындау жоспарын жасаудың негізі болып табылады.

Бірінші кезекте программа Моңғолия Ғылым академиясының биология Институты дайындаған тау,

орман және далалық аймақтық тұяқты жануарлары, леопард, суырлар және су құстары туралы алғашқы мәліметтерді жинау әдісіне негізделген. Кейінірек WWF-Моңғолия программалық офисінің көмегімен программный продуктi шығарылды; ол авторлық правамен қорғалған.

Биосан программасы мекендейтін жерлері туралы мәліметтерді, программаның артықшылығын пайдалана отырып, сандық форматқа келтіре алады, мәліметтерді өңдеп, олармен алмаса алады. Бұл шешім қабылдаған адамдарға және донорларға тез және сенімді түрде мәліметтер алуға мүмкіндік береді.



Сурет 1. Биосан программасының структурасы



# Гуанчжоуда ақбөкенді сақтау проблемасы бойынша сұрау

Фенглиан Ли

WCS Қытай, [fli@wcs.org](mailto:fli@wcs.org)

Дәстүрлі қытай медицинасында (ТКМ) қолданылатын ақбөкен мүйіздерін және басқа да азайып кеткен жануарлардың органдарын қолдануды қысқартып, оларды қорғау мақсатында халықтың олар туралы мәліметтерді көбірек алуы үшін WCS-қытай программасы төңірегінде Гуанчжоу провинциясында ТКМ-нің көтерме сауда орталығына жақын баратын № 6 автобустар маршрутында жарнама плакаттарының екі түрін орналастыру Кампаниясы жұмыс істей бастады. Кампания 2010 ж. ақпан айынан шілде атына дейін жұмыс істеді.




Сұрау өткізіп жүрген волонтерлер (еріктілер).

Сауда орнына жиі келуші адамдардың мәліметтермен хабарлас дәрежесін анықтау үшін және автобустар маршруттарында жарнама плакаттарын қолдану арқылы олардың жануарларға деген қарым-қатынасын, білімін және мінез-құлқының өзгеруін бағалау үшін WCS-Қытай өкілдері кампанияны өткізу алдында және одан кейін адамдарға сұрау берді. Соған сәйкес 413 және 460 жауап алды.

Сұрау арқылы автобустарда жарнама жүргізу мәліметтерді тарату мен алудың онша тиімді әдісі емес екенін көрсетті. Оған қармастан, бірқатар жауаптар айтылып отырған мәселе жөніндегі жарнамалардың олардың білімін көтергенін көрсетті. Кампания біткеннен кейін сұрағандардың 75% ақбөкеннің саны дәстүрлі қытай медицинасында оның өнімдерін пайдаланғаны үшін азайғанына келісті; ол негізгі дәрежесімен салыстырғанда 20% жоғары (сурет 1). Тіпті адамдардың мінез-құлқында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ; кейбір сұраған адамдар Қытайда ақбөкендер популяциясы заңсыз сауда жасаудан қырылып кеткенін айтты.

Бұл сұрау ақбөкенді сақтау проблемасына адамдардың жағымды қарайтынын байқатты; сұрағандардың 55%-і ақбөкен мүйіздерімен сауда жасау заңсыз екендігімен хабарлар екендігін айтты; сұрағандардың 65%-і ақбөкеннің дүниетүзілік популяциясының дәстүрлі қытай медицинасының қажеті үшін ақбөкен мүйіздерін тиімсіз пайдалану есебінен қысқарып бара жатқанымен байланысты

мүйіздеріне балама ретінде үй буйволдарының мүйізін пайдалануға болатынын айтады. Жалпы, бұл регионда адамдар ақбөкенге қамқорлықпен қарайды; ал олардың кейбіреулері табиғат қорғау ұйымдарының немесе үкіметтік мекемелердің түсірген табиғат қорғауға арналған видеоматериалдар мен телевидения программаларын көретіндерін сөз етті. Біздің зерттеудің нәтижелері автобустарда жүргізілген жарнамалар табиғат қорғау жөнінде оқыту және адамдардың мәліметтерін көтеру үшін тиімді әдіс емес екендігін көрсетті, деседе адамдардың табиғат қорғау проблемасы жөніндегі түсініктері жоғары екендігін байқатты. Табиғат қорғау жөнінде адамдар телевизор, интернет, смс-жаңалықтар және т.б. көрнекті құралдар арқылы әртүрлі мәліметтер алады ғой; бірақ, автобустарда жарнамалар арқылы мәліметтер алуға жеткілікті көңіл бөлмеуі де мүмкін. Бұл сұраудың нәтижелері табиғат қорғау мәліметтерін таратудың тартымды әдістерін жасауға көмектеседі.



Сурет 1.

Маршруттық автобустарда жарнама кампанияларын өткізу кезінде сұрақтарға өткізгенге дейін және одан кейін дұрыс жауап берген сұрағандардың проценті.

## Сұрақтар:

1) ТКМ-ның ақбөкен мүйізін пайдалатынын Сіз естідіңіз бе? 2) Ақбөкен мүйіздерімен сауда жасау заңсыз деп Сіз есептейсіз бе? 3) Соңғы алты ай ішінде дәстүрлі медицинаның дәрісі есебінде ақбөкен мүйізін сатып алдыңыз ба? 4) Ақбөкен текесінің ТКМ-да қолданғаны үшін ақбөкен популяциясы зардап шегетініне қосыласыз ба? 5) Ақбөкен мүйіздерін алмастырушы ретінде үй буйволдарының мүйіздерін пайдалануға болатынына қосыласыз ба? 6) Сіз бұрын № 6 автобуспен жүрдіңіз бе? 7) Соңғы үш ай төңірегінде жабайы жануарларды сақтау туралы жарнама плакаттарға көңіл аудардыңыз ба?

# Ақбөкен – олардың өмірлік ісі

**Редакциядан:** Ақбөкенді сақтау ісіне үлкен үлес қосқан адамдарға арналған Saiga News-те біз жаңа секция ашамыз. Біз тағдырлары ақбөкендермен тығыз байланысты болған әр елде тұратын, мамандағы әртүрлі адамдар туралы әңгіме айтатын боламыз. Біздің бірінші әңгімеміз профессор Аманқұл Бекеновке арналады.

## Профессор Аманқұл Бекенов – ақбөкенді сақтау Альянсының бірінші Құрметті мүшесі



Сурет Э. Дж. Милнер-Гулландікі

**Профессор Бекенов менің кішкентай ұлым Рованмен ойнайды.**

Ақбөкенді сақтау Альянсының (АСС) жылсайынғы жиналысында Улан-Баторда (Моңғолия) 2010 жылдың 11 қыркүйегінде профессор Аманқұл Бекенов ақбөкенді сақтау Альянсының бірінші Құрметті мүшесі болып сайланды. Бұл оның ақбөкенді сақтау жөніндегі көпжылдық талмай атқарған жұмыстарын мойындау белгісі ретінде көрсетілген құрмет. АСС-тың басшылары осындай үлкен ғалыммен жұмыс істегеніне мақтанады. АСС-тың төрағасы ретінде біздің көпжылдан бергі досымыз әрі коллегамызға үлкен алғысымызды білдіріп, рахметімізді айтамыз.

Аманқұл Бекеновтың сүтқоректілердің экологиясын, таралуын, қорғау мен сақтау проблемаларын зерттеу далалық экспедиция және лаборториялық анализ жағдайында өтті. Ғылымдағы табыстары үшін оған 1982 ж. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Оның басшылығымен төрт томдық «Қазақстан сүтқоректілері» (1969-1985 гг.) атты коллективтік монография жарық көрді. Ол үшін А.Бекенов және басқа да авторлар табиғатты қорғаудың Мәскеу қоғамының Бірінші сыйлығымен марапатталды. Профессор Бекенов Қазақстанда ақбөкеннің экологиясы және оны қорғау жөнінде көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Өзінің коллегасы Ю.А.Грачевпен бірге республикада осы түр жөнінде басшы эксперт болып саналады. 1978-2010 жылдары Қазақстанның Қызық кітабындағы сүтқоректілер бөлімінің ғылыми редакторы және авторларының бірі болды. Онда сүтқоректілердің саны сирек 40-тай түрі мен тұртармағының экологиясы және сақтау проблемалары туралы мәліметтер берілген. Көпжылдар бойы профессор Бекенов Қазақстан Ғылым

Академиясының Зоология институтын басқарды. Осы қызметте және қазіргі сол институттың териология лабораториясының меңгерушісі ретінде ол Қазақстанның сүтқоректілерін зерттеу программасына басшылық етеді; сондай-ақ табиғи ресурстарды қорғау мен тиімді пайдалану жөніндегі Үкіметтік программаларының ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды.

Мен бірінші рет профессор Бекеновпен Қазақстанға бірінші рет сапар шеккенде кездестім. Мен онымен және оның ақбөкеннің экологиясын зерттейтін бас мамандарымен көздескенде абыржып қалғандай болдым. Мен оның көптеген ғылыми жұмыстарын оқыдым. Профессор Бекенов сондай қонақжай және достықты сүйетін жан екен. Міне осылай біздің күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ғылыми жұмыстағы байланысымыз басталған еді. Атқарған жұмыстарымыз ақбөкенді сақтау процесіне едәуір үлесін қосуда; сонымен бірге ортаазия және еуропа ғалымдарымен халықаралық байланыстың кеңеюіне жол ашты. Алғашқы жылдары біздің жұмыстарымызды Еуропа қауымдастығы ИНТАС программасы бойынша қаржыландырды; біз ақбөкендер мен үй малдарының паразиттерін және ауруларын, ақбөкен қоныстарындағы өзгерістердің (деградация) оның қоныс аударуына әсері, оның генетикасын зерттедік. Көп жылдар бойы мен профессор Бекеновты тек менің ғылыми проекттерімді қолдағаны үшін ғана емес, сонымен бірге менің университетімнен оның лабораториясына стажировкаға жіберілген студенттерімді де қолдағаны үшін үлкен алғысымды білдіремін. Соңғы жылдардағы бұл жас ғалымдардың табыстары (олардың ішінде сегізі) оның ғылыми жетекші ретінде профессионал екендігін көрсетеді және оның группасы жұмыстарының ғылыми дәрежесі жоғары екендігін байқатады.

Профессор Бекенов ақбөкенді сақтау Альянсын ұйымдастырушылардың бірі. Бұл түрді зерттеу және сақтау проблемалары бойынша халықаралық байланысты нығайтуды қолдайды. Ол Альянс үшін көп жұмыс атқарды және *Saiga News* бюллетенінің редколлегиясының белсенді мүшесі болып табылады. Оның ғылыми және қызықты мәліметтері бұл басылымның дәрежесін өсіреді. Мен профессор Бекеновтың коллегасы және досы ретінде мақтанамын; біздің көпжылғы табысты бірлескен жұмыстарымыз жалғаса беруді ғой деп ойлаймын.

Э.Дж. Милнер-Гулланд, ақбөкенді сақтау Альянсының төрағасы

[e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)



# Проектілерге шолу

## Өзбекстанның мұнай-газ секторында биоәртүрлілікті сақтау принциптерін интегралдау



Өзбекстанда сақталып қалған далалық экосистеманың кейбір қалдықтары (фрагменты) қоңыржай зонаның дала биомының биологиялық әртүрлілігін сақтау міндеттерін шешуде үлкен бағаланады. Бұл биоәртүрлілік Конвенциясында көрсетілген (1992 ж.). Далалық участкілер сақталған аудандарда мұнай-газ шығатын жерлерді барлаудың жалғасуы Өзбекстанның биоәртүрлілігіне бірінші дәрежеде қауып төндіреді. Мүмкіндігінше осындай қауыпты жағдайды шектеу үшін 2010 ж. ГЭФ/ПРООН «Өзбекстанның мұнай-газ секторында интегралдау» атты проектісі

басталды. Ұсынылып отырған принциптер Үстірт қыратында сыналады, одан кейін жалпы оларды Өзбекстанның мұнай-газ саясатына қосады. Аталған проектіні орындау барысында негізі партнер ретінде Өзбекстан Республикасының табиғат қорғау мемлекеттік комитеті бекітілген. Проектінің орындалуы басқару барьерлерін (кедергілерін) жоюға көмектесуі қажет, сондай-ақ жұршылықтың мәліметтермен хабардар болуын жақсартады.



Сурет Д. Нуриджановтікі

Үстірт қыратының жоталарынан Арал теңізіне қарай көрініс.

Мынадай нәтижеге жету күтілуде:

- 1) мұнай-газ секторында биоәртүрлілікті сақтаудың интегралдау системасы үшін саяси, құқықтық және институциональды ортаны қалтамасыз ету кеоек;
- 2) Үстірт қыратында мұнай-газ бар жерлерді барлау кезінде биоәртүрлілікті қорғау системасын көрсету қажет.

Проектіні орындау барысында екі миллион гектардан аса территорияда жек дуадақ, қарақал, қарақұйрық, үстірт арқары және ақбөкен сияқты сирек кездесетін жануарлар популяцияларын тұрақты сақтау қамтамасыз етіледі. Бұл проектінің ұзақмерзімді мақсаты мұнай-газ барлау кезінде биоәртүрлілікке келтіретін жағымсыз әсерлерді барынша болдырмау және бұзылған экосистеманы қалпына келтіру шараларын жүзеге асыру.

Қосымша мәліметтер алу үшін қоршаған орта және энергетика бөлімінің бстығы Абдуваккос Абдурахмановқа хабарласуға болады, [abduvakkos.abdurahmanovundp.org](mailto:abduvakkos.abdurahmanovundp.org).



Сурет А. Есиповтікі

Үстірттің қысқы көрінісі.

## SOS saiga! Ақбөкенді сақтаңыздар – Оралда жаңа проект



Проект «Жергілікті тұрғындарды және басқа да барлық мүдделі жақтарды оқыту шаралары және ақбөкенге мониторинг жасау арқылы ақбөкеннің орал популяциясын сақтау проблемасына қоғамның көңілін аудару» 2010 ж. тамыз айында халықаралық табиғат қорғау одағының SOS (Save Our Species) программасының қаржылай көмегі арқасында басталды. Проект Оралда ақбөкендердің жаппай қырылуына (қара: *Saiga News*, II) жауап ретінде ақбөкенді сақтау Альянсының инициативасы (ұсынысы) бойынша жасалды. Проектіні орындаушы Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау Ассоциациясы (АСБК), ҚР-сының АШМ-ның орман және аңшылық шаруашығы комитеті, Батыс Қазақстан облысының территориялды инспекциясы, ауылдық акиматпен, мектептер және ауыл тұрғындарымен бірлесіп жүзеге асырады. Ғылыми жағы Лондонның Империял колледжімен және Орал университетімен бірлесіп іске асады.

Проектінің мәліметтер тарату – компоненті төңірегінде жоба территориясында тұратындарға ақбөкен туралы оқулықтар және оларды пайдалану туралы ұсыныстар, ауыл мектептерінің мұғалімдері үшін ақбөкеннің экологиясы және далалық экосистема туралы плакаттар таратылатын болады. Сонымен бірге, Орал қаласында АСБК-ның студенттік клубының мүшелері инспекторлармен бірлесіп проектіге қатысты селоларда әртүрлі

группалармен кездесулер өткізеді, материалдар таратып, ақбөкен туралы фильмдер көрсетеді. Соңында Ақбөкен мейрамы ұйымдастырылатын болады. Міне бұл шаралардың барлығы да ақбөкенге сақтықпен, қамқорлықпен қарау көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған; өйткені ақбөкен Қазақ даласының қайталанбас ландшафтісінің тірі символы ғой; соңғы бірнеше жылда адамның күнәсі салдарынан оның саны айтарлықтай қысқарды емес пе.

Атқарылған шаралардың нәтижелері мен тиімділігін бағалау үшін проектінің басы мен аяғында жергілікті тұрғындарға сұрау беру жүзеге асады; бұл сұраулар адамдардың ақбөкенді сақтау проблемасына қатынастарының қанша өзгергенін байқатады және бұл түрдің экологиясы және далалық экосистемасы туралы білім дәрежелерінің жақсарғанын көрсетеді.

Проектінің екінші басты компоненті – аң қоныстарына жақын жерлерде жергілікті тұрғындардың қатысуымен ақбөкенге мониторинг (бақылау) жүргізу. Информациондық кампания барысында мониторинг жүргізетін бақылаушылар анықталады. Проектіні жүзеге асыратын территорияда барлық мүдделі жақтар (акиматтар, мектептер, инспекторлар) бұл проектіге қызығушылық білдірді және барлығы да қатысуға ниет білдірді. Проектінің барлық шараларын қолдайтындығын айтты.

*Қосымша мәліметтерді алу үшін проектінің координаторы Ольга Климановамен хабарласуға болады, [olga.klimanova@acbk.kz](mailto:olga.klimanova@acbk.kz).*

## Проектілер – ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттар программасының 2010 жылғы жеңімпаздары



2010 жылғы ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттар Программасы WCN-нің (жабайы табиғатты сақтау ұйымы) және SIC-тің (жабайы табиғатты қорғау және аңшылық жөніндегі халықаралық совет) қаржыландырумен жүзеге асады; бұл бізге түрдің мекендейтін елдерінен ақбөкен жөнінде төрт проектіні таңдап алуға мүмкіндік берді. Программа табиғатта ақбөкенді сақтауға бағытталған; жеке проектілер АҚШ-тың 2000 долларына дейін қаржыландырылады. Барлық проектілер ақбөкенді сақтау жөніндегі КМВ-тің өзара түсіністік Меморандума сәйкес Ортамерзімді халықаралық жұмыс программасының орындалуына жеткілікті -

үлес қосуға тиіс. Сол арқылы практикалық мағызы бар программаның кейбір пункттеріне өзгерістер кіргізілу мүмкін. Бұл конкурстың негізгі мақсаты – жергілікті жерлерде ақбөкенді сақтауға бағытталған системаларды қолдау болып табылады. Конкурс өз жұмыстары үшін ірі үкіметтік емес ұымдардың халықаралық қаржылар ала алмайтын адамдарға бағытталған. Біз бұрынғы жеңімпаздарды тұрақты қолдаймыз, оларда АСС семьясына қосылады ғой деп ойлаймыз. Біз оларға жұмыстарын жалғастыру үшін барлық жағынын көмек көрсетуге дайынбыз. Биыл әртүрлі бағыт бойынш әр елден төрт жақсы проектілер таңдалып алынды.



**Фенглиан Ли** – WCS-тің Қытай программасының қызметкері, өзінің грантын 2009 жылғы кіші грант Программасының жеңімпазы Гуйхон Жанмен бірге сол жылы бысталған жұмыстарды кеңейтуге жұмсайтын болады; ол Гуанчжоуда (Қытай) ақбөкен мүйіздерімен заңсыз сауда жүргізушілермен күрес жүргізуге бағытталған (*қара: жоғарыда*).



Фенглиан программасының міндеттері: дәстүрлі қытай медицинасының (ТКМ) Кинпинск сауда орталығында мүйіздермен сауда жүргізу дәрежесіне мониторингті жалғастыру, саудаға қатысты адамдар арасында ағарту программасын жүзеге асыру, ТКМ-мен бірге жұмыс істейтін жергілікті ұйымдардың жұмысын қолдау. Гуйхон жобасы Гуанчжоуда ТКМ сауда орталығында ақбөкен мүйіздерінен жасалған бұйымдардың бағасын және оларға қол жеткізуге болатынын анықтады. Сауда механизмын толық түсіну үшін, ағарту және құқықтық жұмыстар жүргізудің орынын анықтау үшін Фенглиан ақбөкен өнімдерін апарудың соңғы пунктерін анықтауды жоспарлайды. Фенглиан жұмысы практикалық жағынан маңызды жұмыс; ол бұрын онша мән берілмеген заңсыз сауда жүргізушілермен күрес жүргізуге бағытталған.

**Гунбат Гунденсамбу** – «экология және табиғатты қорғау» мамандығы бойынша оқып жүрген Моңғолияның Ұлттық университетінің магистранті. Моңғол ақбөкенінің экологиясы Гунбаттың бұрынғы жұмыстарында зерттелген еді; олар оның дипломдық жұмысының негізін құраған. Ол сондай-ақ ақбөкенді сақтау жөнінде WWF-Моңғолияда жұмыс ітейді.



Гунбат өзінің грантын моңғол ақбөкеннің қоректік мекендерін зерттеуге пайдаланады. Әсіресе, үй малдары жайылымдарында ақбөкен мен үй малдары арасында азықтары мен су жөнінде бәсеке болатындығы туралы мәліметтер өте аз; бұл түрді сақтауды күшейтуге кедергі жасайды. Бірақ бұл салада зерттеу болған жоқ. Батыс Моңғолиядағы Шарга қорығында іске асатын Гунбат жұмысы айтылған мәселенің орнын толтыратын жұмыс болады; оның нәтижесі жерді тұрақты пайдалану жоспарын жасағанда пайдаланатын болады; бұл адамдар мен ақбөкендер бірлесіп тіршілік етулеріне көмектеседі.

**Айзада Нұрымбетова** – Қарақалпақстандағы (Өзбекстан) «Кеуіл нұры» атты әйелдерді әмеуметтік қолдау Орталығының директоры. Айзада гранты жергілікті әйелдерді қолөнер продукциясын өндіруге үйрету арқылы Үстірт қыратындағы әйелдердің табыстарының балама көздерін табуды дамыту үшін пайдаланады. Бұл жұмыс браконьерлікті азайтуға көмектесуі мүмкін, өйткені табыстың қосымша көздері іске қосылады ғой. Қолөнерге үйренген әйелдер өздерінің поселкаларында және семьярында ақбөкенді сақтаудың жанашыры болуға тиіс. Бұл проект Жаслық поселкасында және басқада поселкаларда әйелдердің қолөнер кооперативтерін ұйымдастыруға көмектеседі.



**Павел Амосов** – Астрахань облысындағы (Ресей) Богдино-Баскыншақ қорығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары. Павелдің қорықта істегеніне екі жыл болды және қорықта мекендейтін омыртқалы жануарлардың мониторингісіне жауапты. Бұрын ол университетте омыртқалы жануарларды оқытатын мұғалім болып жұмыс істеді, қазірде бұл жұмысты қосымша жалғастыруда. Павел өз грантын Баскыншақ көлі маңында ақбөкеннің қоныс аударуын, таралуын және санын анықтауға пайдаланады. Бұл мәліметтер ақбөкеннің қоныс аудару кезінде қорғауды қамтамасыз етуге және информациондық материалдарды дайындауға пайдаланылады.

**Барлық жеңімпаздарды құттықтаймыз!**

# Жаңа басылымдар

(жұмыстарды мамандар мен жұртшылықтың іздеуіне қолайлы болу үшін қай тілде жарияланса, сол тілде беруді жөн көрдік)

*Сингх Н., Милнер-Гулланд Э.Дж.* Сохранение подвижной цели: планирование охраны мигрирующего вида в условиях изменения его распределения. // Журнал прикладной экологии, № 48, 2010, С. 35-46.

Используя данные мониторинга за 25 лет, мы выявили изменение в весеннем распределении и сделали предположения по поводу плотности сайгаков бетпакдалинской популяции в Казахстане, с целью приоритизации территорий для охраны в условиях воздействия изменения климата совместно с изменением уровня беспокойства и численности. На современное распространение сильно влияет фактор беспокойства, хотя в прошлом было сильнее влияние климата. За последнее десятилетие отмечена фрагментация наиболее подходящих местообитаний. Существующие и предлагаемые ООПТ довольно комплиментарны и хорошо вписываются в большинство сценариев изменения климата в будущем. Однако необходимо расширить географический охват планируемых ООПТ, чтобы эффективно защитить пригодные территории в будущем.



Жас ақбөкен аналығы.

## Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы оның қызметіне соңғы 6 ай бойы жәрдемкен кісілердің барлығына шын жүректен алғысын білдіреді: Чак және Джуди Витли, др. Марджори Паркер, Джой Ковей және оның 5 жасар баласы Тэйлорга, Стивен және Карин Чейзам, др. Джим Сандерсон және Джоан Моррисон, Линде Табор-Бек, Кент және Глории Маршалл, Сьюзан Комбс, Майкл Хакетт, Ким және Кевин Никейнен, СС Лобос, Г. Еванс, Б. Рейнарц, Майкл Монпетт, Грэму Элиот және Н. Коллоредо. WCN қормесі кезінде жеке кездесулерді ұйымдастырған біздің ескі достарымыз әрі донорымыз Кеннон және Боба Хадсоновқа шексіз алғысымызды жолдаймыз. Сонымен бірге біздің жұмысымызға көмегін берген WCN және FFI қызметкерлері мен волонтерлеріне, сондай-ақ WCN қормесінен Saiga News-те жариялау үшін фотосуреттер берген Мартина Варонага үлкен алғысымызды білдіреміз. Осы нөмердің шығуына көмектескен WCN, Мухаммед бин Зиеда Фондысына, WWF-Моңғолия және WCS-Қытай ұйымдарына да шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

**Редакция алқасы.** Ұлыбритания: проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Империял Колледж Лондон ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: проф. А. Бекенов және Ю. Грачев, Зоология институты ([teriology@mail.ru](mailto:teriology@mail.ru)); О. Климанова, АСБК ([olga.klimanova@acbk.kz](mailto:olga.klimanova@acbk.kz)); Қытай: Г. Цзян, А. Кан, WCS Қытай ([gzhang@wcs.org](mailto:gzhang@wcs.org)); ([akang@wcs.org](mailto:akang@wcs.org)); Моңғолия: Б. Лхагвасурен, және Б. Чимеддорж, WWF-Моңғолия ([lkhagvasuren@wwf.mn](mailto:lkhagvasuren@wwf.mn); [chimeddorj@wwf.mn](mailto:chimeddorj@wwf.mn)); Ресей: А.Лущекина, Экология және эволюция проблемалары Институты ([rusbabcom@gmail.com](mailto:rusbabcom@gmail.com)) және проф. Ю. Арылов, Қалмакия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы ([kalmalsaiga@mail.ru](mailto:kalmalsaiga@mail.ru)); Өзбекстан: Е. Быкова [жауапты редактор] және А. Есипов, Зоология институты ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Сіздерді көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарыңызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберуге болады [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz) немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Ағылшын және орыс тілдеріндегі авторлар ережесін мынадан табуға болады: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com) немесе сұрау арқылы редакторлардан алуға болады. Егер сіздерде сұрақтар болса, Saiga News өз елдеріндегі редактормен байланысуға болады немесе; жауапты редактор Елена Быковамен хабарласуға болады ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Бұл басылымды мынадай онлайннан табуға болады: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com), <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> және <http://www.wildlifewarden.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf> pdf, форматында, немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде өздеріңнің сұрауларың бойынша алуға болады.